Тест тапсырмаларды пайдаланып, нәтижесіне талдау жасай келе мынадай қорытынды жасауға болады, яғни оның тиімділігі уақыт үнемдеу. Оқу процесіне барлық оқушылар түгел тартылады, сонымен қатар оқушыларды жауаптарды салыстырып, дұрыс жауабын таңдай білуге, өз бетінше қорытынды жасай білуге дағдыландарады[2,4].

Дидактикалық материалдардың келесі бір түрі – *сөзжұмбақ*. Оқыту процесінде сөзжұмбақты жаңа сабақтың тақырыбын ашу мақсатында пайдалануға болады. Өйткені ол оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттырады, сонымен қатар ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытады, жылдамдыққа, тапқырлыққа дағдыландырады[2].

	м							
	е							

							Н
							Д
							е
							л
							е
							е
							В

- 1) Атомдық массасы 24 – ке тең элемент...
- 2) 1911 жылы атом құрылысының динамикалық теориясын ұсынған ғалым...
- 3) Теріс электр заряды бар бөлшек...
- 4) Сілтілік металдардан басталып, инертті газдармен аяқталатын горизонталь қатар ... деп аталады.
- 5) 1886 жылы неміс ғалымы Винклер ашқан элемент...
- 6) Бір элемент атомының басқа элемент атомының белгілі бір санын қосып алу қабілеті ... деп аталады.
- 7) Созылғыш, серпімді, электр тогын жақсы өткізетін қатты заттар ... деп аталады.
- 8) Al, Ga, Pb, Sn, Zn, Be қандай металдарға жатады?
- 9) Ең қиын балқитын металл...

Дидактикалық материалдардың ішінен бекіту тапсырмасы ретінде сабақтарда *химиялық диктантты* қолдануға болады. Себебі бұл әдіс арқылы оқушылардың тақырыпты қаншалықты меңгергендігін аңғартады. Химиялық диктанттың тиімділігі оқушылардың логикалық ойлау қабілеті дамиды, оқушы білімін пысықтауға көмектеседі. Сонымен қатар оқу материалын толық қамтуды қамтамасыз етеді[4]. Мысалы:

- 1) Периодтық кесте _____ периодтан және _____ топтан тұрады.
- 2) Период _____ және _____ кіші болып бөлінеді.
- 3) Ұқсас қасиеттеріне сай орналасқан элементтердің вертикаль қатарын _____ деп атайды.
- 4) Период бойынша металдық қасиет _____, бейметалдық қасиет _____.
- 5) Топ бойынша металдық қасиет _____, бейметалдық қасиет _____.

Қорыта айтқанда, дидактикалық материалдарды жүйелі түрде қолдану оқушылардың химия пәніне деген қызығушылығын арттырады. Сабақ барысында түрлі сызба – кестелер, диаграммалар, суреттерді қолдану арқылы оқушылар химия негізінің теориялық жағын тереңдетіп химиялық түсінігін тұрақтандырады. Әрбір сабақ барысында қосымша қолданылатын дидактикалық материалдардың көмегімен оқушылардың логикалық ойлау деңгейі кеңейіп, білімге деген құштарлығы арта түседі. Әрбір дидактикалық оқыту материалдарына сүйене отырып, оқушы зейін, байқағыштық сияқты психологиялық нанымдарды, қалыптастырады, көп білуге талпынады. Түйіндеп айтқанда, химия сабағында дидактикалық материалдарды қолданудың тиімділігі мен оқушылардың білім деңгейін арттыруға тигізер пайдасы ерекше.

Әдебиеттер

1. <http://bilimdiler.kz/ustaz/>
2. Мырзабайұлы А. «Химияны оқыту әдістемесінің педагогикалық негіздері».- Алматы, 2004.
3. Торсықбаева Б.Б., Ахметқалиева Г.Н., Иманғалиева Б.С., Ахметқалиева А.С. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және даму деңгейін критериалды бағалау жүйесі арқылы өлшеуіш-тапсырмалар. «Химия» оқулығы, 8-сынып.- Алматы, 2015.

4.Торсықбаева Б.Б., Иманғалиева Б.С. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және даму деңгейін критериалды бағалау жүйесі арқылы өлшеуіш-тапсырмалар. «Химия» оқулығы, 10-сынып.- Алматы, 2015.

УДК 371.31:54

Оқушылардың химиядан білім сапасын арттыруда білімді бағалаудың әдістері мен тәсілдері

С.М. Когисов, У.А. Умирзаков

*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ақтөбе қ., Қазақстан*

С целью повышения качества образования на уроке химии нужно сделать связь между устной, письменной и экспериментальных методов, для повышения интереса учеников и выработке у них внимательности. Нельзя использовать только один метод или способ при оценке успеваемости у учащихся. Для достижения успехов на уроке методы оценки нужно использовать каждый день и систематический.

In order to improve the quality of education in chemistry class you need to make the link between oral, written and experimental methods to enhance the interest of students and development of the care. You can't use only one method or the method in assessing the performance of students. To achieve success in the classroom assessment methods need to be used every day and systematic

Ключевые слова: *повышения качества образования, экспериментальные методы, методы оценки уроках химии.*

Key words: *upgrading of education, experimental methods, methods оценка lessons of chemistry.*

Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Дамыған бәсекеге қабілетті мемлекетке айналу үшін біз жоғары білімді ұлт болуымыз қажет», – деп бекер айтқан жоқ. Жолдауда білім және ғылым саласындағы алға қойылған міндеттер ауқымы едәуір кең. Елбасымыз алға қойған мақсатқа жетудің ең басты жолы – білім беру сапасын өте жоғары деңгейге жеткізу. Қазіргі орта мектептердегі бірсарынды оқытудан жаңа талаптарға сай Назарбаев зияткерлік мектептеріндегідей оқыту деңгейін көтеру жеткізу міндетті. Ал білім беру сапасын көтерудің ең басты міндеті – білімді қазіргі заман талабына сай бағалау болып табылады[1].

Бағалау – оқу процесі барысында оқушылардың берілген тапсырманы орындау нәтижесінің, іскерліктің және дағдының сапасын анықтау формасын айтады. Химиядан білім сапасын көтерудің ең маңызды көрсеткішінің бірі – білімді бағалау.

Білімді бақылау бір жағынан білімді бекіту және нақтылау болса, екінші жағынан білімді жүйелеп өмірде қолдана білу негізін қалайды. Оқушылардың білімін есепке алу әрбір сабақ сайын күнделікті жүргізіледі, оның нәтижесі тоқсандық және жарты жылдық, бір жылдық бағалармен көрсетіледі. Білімді бақылау әдістерін негізгі үш топқа бөле аламыз: ауызша, жазбаша және эксперименттік.

Ауызша бақылау – мұғалімнің оқушылардың білімін тексеру арқылы қарым – қатынас жасауының ең тиімді құралы. Ауызша бақылау оқушыларға ең оңай және түсінікті бақылау түрі. Ауызша бақылаудың мынадай түрлері бар:

- Жеке – жеке бақылау – бұл әр сабақта қолданыла алатын бақылаудың ең тиімді түрі;
- Фронтальді әңгіме – бұл қысқа уақыт аралығында жүргізілетін бақылау түрі;
- Сынақ – бұл қандай да бір тараудың соңында өткізілетін бақылау түрі;
- Емтихан – бұл жоғары сынып оқушыларына оқу жылының соңында өткізілетін қорытынды бақылау жұмысының түрі.

Жазбаша бақылау – бұл химиядан оқушылардың білім, білік және дағдыларының деңгейін тексерудің жазбаша түрі, оларға: қорытынды бақылау жұмысы, өзара бақылау, үй жұмыстарын бақылау, өзін – өзі бақылау, қысқа мерзімді бақылау жұмыстары мен өзіндік жұмыстар жатады.

- Қорытынды бақылау жұмысы – үлкен тарау аяқталған соң толық бір сабақ бойы өткізілетін бақылау түрі;
- Өзіндік бақылау жұмысы – алдын-ала ескертусіз өткізілетін қысқа мерзімді бақылау жұмысының түрі;
- Өзара бақылау жұмысы – бірге отырған оқушыларды сұрақ қою арқылы тексерудің жаңадан шыққан түрі;
- Үй жұмыстарын бақылау – әр сабақ сайын үй жұмысына беріліп отыратын тапсырманы орындалуын тексеріп отыру.

Эксперименттік бақылау – бұл мұғалімнің оқушылардың практикалық, зертханалық жұмыстарды және экскурсиялар мен демонстрациялық сабақтарды жасау барысын бақылау арқылы бағалауы[2].

Бағалау кезінде оқушылар жауабының сапалық көрсеткіштері ескеріледі, олар: тереңдігі, толықтығы, сапалылығы, жіберген қателіктерінің саны мен сипаты. Оқушы жауабының тереңдігі теориялық білімінің деңгейінен көрінеді. Оқушының жауабында жіберген қателері елеулі және болымсыз деп есептеледі. Елеуліге оқушы жауабының таяз және түсініксіз болуынан туындайтын мына қателіктер жатады: оқушы ұғымның негізгі белгілерін, заттардың маңызды қасиеттерін, заңның тұжырымын шатастырады, теориялық білімін құбылыстарды салыстыруға, жіктеуге, түсіндіруге, себеп-салдар байланысын ашуға және болжай білуге пайдалана алмайды. Болымсыз қателерге оқушының жаңылып кетуінен, өз жауабында мән бермей сөйлеуінен және жазуынан туындайтын қателіктер жатады, мәселен, реакция теңдеуіне кейбір коэффициенттер қоюды ұмытады, ион зарядтарын және санын дәл көрсетпейді, бірақ мұғалімнің ескертпесінен кейін оларды түзетеді[3].

Баға оқушыға білім беру стандартында белгіленген міндеттерді меңгергені үшін қойылады. Біздің елімізде бағалаудың «5» балдық жүйесі қолданылады. Бұл бұрыннан келе жатқан бағалау жүйесі, оны қазірде орта мектептердің барлығы қолданады. Бұл бағалау жүйесінің кемшіліктері де бар, олар:

- Сыртқы бақылау қызметі бар (педагог);
- Оқушыға толықтай өз еркімен бағалауға мүмкіндік берілмейді;
- Оқушының жетістігінің сапасы емес, орындалатын жұмыстың көлемі мен формасы бағаланады;
- Оқушыларды бір-бірімен салыстыруға көп көңіл бөлінеді, яғни бұл олардың белсенділігі мен ынтасын төмендетеді [4].

Білімді бақылаудың бірнеше түрі белгілі, олар: алдын-ала, ағымдағы, мерзімді және қорытынды.

- Ағымдағы бақылау – күнделікті сабақта білім деңгейін анықтауда тесттер, қысқаша сұрақтар, шағын бақылау жұмыстарын беру арқылы оқушыларды бағалау түрі.
- Мерзімді бақылау – жарты жылдықта немесе тоқсан сайын өткен материалдарды оқушылардың игергенін тексерудің түрі.

- Қорытынды бақылау – оқу жылының аяғында келесі сыныпқа өту мүмкіншілігін анықтау үшін қолданылатын бақылау түрі[5].

Дегенмен, әр уақытта бағаны көтермелей немесе төмендете бағалау негізінде неше түрлі мән болуы мүмкін. Мысалы, үлгерімі төмен оқушыға көтеріңкі баға қою оған психологиялық қолдау көрсетіп, алдағы оқуда ілгерілеуіне көмектесу ниетінен болуы мүмкін. Сондықтан бағалаудағы субъективті ойдың бәрін бірдей қателікті деп қарастыру дұрыстыққа келмейді.

Сонымен баға қою білімді және шеберлікті талап етеді. Баға – бала өміріндегі маңызды оқиға. Баға арқылы бала өзі туралы ойын реттеп, сыныптағы беделін нығайтады. Осы жазған мақаланың негізінде бағалау арқылы оқушының химияға деген қызығушылығын арттыру мақсатында түрлі әдістер мен тәсілдерді қолдану-мұғалімнің міндеті. Баға міндетті түрде әділ және дұрыс қойылуы керек.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». <http://zkoipk.kz>
2. Чернобельская Г.М. «Методика обучения химии в средней школе». - Москва, 2000. – 336с.
3. Мырзабайұлы А. «Химияны оқыту әдістемесінің педагогикалық негіздері». - Алматы, 2004. – 224б.
4. Котлярова О.С. Учет знаний по химии. - Москва, 1977. – 136с.
5. Торсыкбаева Б.Б. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және даму деңгейін критериалды бағалау жүйесі арқылы өлшеуіш-тапсырмалар жинағы. - Алматы, 2015 ж.

УДК 371.31:54

Химия пәні арқылы оқушылардың танымдық белсенділіктерін арттыру әдістері

С.М. Когисов, Г.Ж. Ахметова

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ақтөбе қ., Қазақстан

Каждое новое знание оказывает определенное воздействие на развитие мышления человека. В свою очередь характер умственного развития определяет уровень усвоения знаний. Поэтому наряду с вооружением учащихся системой научных знаний одной из основных задач обучения было, есть и будет развитие мышления учащихся в процессе овладения ими знаниями учебных предметов.

Every new knowledge has designated effect on development thinking human. Its queue character mental development determines level diquestionknowledge. Therefore side by side armed students system scientific knowledge one of basic of tasks learning it was, there is and will be development thinking students process wielding they knowledge training subjects.

Ключевые слова: *познавательная деятельность, синтез, анализ, активность, развитие, виды сравнения, мышление.*

Key words: *informative activity, synthesis, analysis, generalizations, types of comparison, activity, development, thinking.*

«Біздің болашаққа барар жолымыз қазақстандықтардың әлеуетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға байланысты. ХХІ ғасырдағы дамыған ел дегеніміз - белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар», - деген елбасымыздың халыққа жолдауынан

көріп отырғанымыздай қазіргі заман талабы жан – жақты дамыған, белсенді, білімді, сауатты, мәдениетті, бәсекеге қабілетті азаматтарды қалыптастыру. Білім беру, білім сапасын көтеру мәселесі әлеуметтік маңызға ие.

Білімді болудың маңызын заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін – білім» деген. Білімді қалыптастыра, дамыта отырып білім сапасының айтарлықтай жоғары деңгейде дамып келе жатқанын байқауға болады. Білім сапасында оқушылардың танымдық белсенділіктерін арттырудың орны ерекше. Мектептердің басты міндеттері тек білім беру ғана емес, сонымен қатар танымдық қызығушылықты дамыту, шығармашылдыққа, өз бетінше білімді игеру мен тапсырмаларды шешу дағдыларын қалыптастыру, практика жүзінде қолдана алуға үйрету. Бұл мұғалім мен оқушының біріккен жұмысының нәтижесінде қалыптасады. Танымдық белсенділікті арттыруға бағытталған жұмыстар – бұл оқушылардың сабаққа деген оң көзқарастарын, пәнге байланысты тереңдетілген білім алуға ұмтылыстарын арттыру.

Білім сапасын көтеруде оқушылардың танымдық қызығушылығын дамыту үшін келесі шарттарды орындау керек. Олар:

- Сабақ қарапайым түрде бір сарынды, жалықтыратын, мағлұматтары аз болмауы керек;
- Оқу жүктемесін мөлшерлеу мен оның арасын үзбеу;
- Танымдық қызығушылықтарды арттыру үшін әртүрлі тапсырмалар, ойындар, кроссвордтарды және т.б. жұмыстарды орындату.
- Ойлау қабілетін дамытуға арналған логикалық тапсырмаларды орындату.

Оқушылардың ойлау белсенділігін арттыратын әртүрлі әдістемелік тәсілдердің мысалдары төмендегі № 1 кестеде көрсетілген.

1-кесте. Ойлау белсенділігін арттыратын тәсілдер

Танымдық процесс және оның қасиеттері	Оқушылардың танымдық қабілетінің сипаты	Мұғалім жұмыстарының тәсілдері мен мысалдары
	Қабылдау	
Түсіну	Оқушы қойылған сұрақтарға жауап береді.	Көрнекіліктерді қолдану, нақты түрде іс – әрекеттерді хабарлау
Нақтылық	Оқушы жауабы нақты	
	Ойлау	
Жалпылау	Оқушы тақырыпқа байланысты жеке сипаттаулар бойынша жалпылайды, негізгісін анықтай алады.	Нақты сұрақтар қою, ойлау тәсілдеріне үйрету, анализдеу, синтездеу, салыстыру мен жалпылау. Өз бетінше ойлау мен тапсырманы шешу жолын іздейтіндей жағдай жасау.
Логика	Оқушы талдауға арналған тапсырмадағы жеке бөліктерді біріктіріп, қорытынды шығарады.	
Ептілік	Оқушы қойылатын сұрақтың мазмұнына қарай оқу материалын әр қырынан қарастыра алады.	
	Есте сақтау	
Туынды түрде жаттау	Оқушы есте сақтаудың мақсатын түсінеді.	Оқу материалын кең ауқымды, эмоционалды, өмірмен байланысты, логикалық, басты тұжырымдамаларды көрсете отырып, өткен материалды қайталауды
Туында емес жаттау	Оқушы есте сақтаудың мақсатын түсінбей – жаттанды түрде қабылдайды.	
Түсіну	Оқушы ішкі мағыналық байланыстарды орнатады.	

Оқу материалын түсіне отырып айту	Оқушы оқу материалын өзінің мысалдары мен түсінгені бойынша айтады.	ұйымдастыру
Механикалық	Оқушы сыртқы байланыстарды орнатады.	

Танымдық белсенділікті арттырудың бірнеше әдістері бар: олар - салыстыру, талдау мен синтез, жалпылау және тағы сол сияқты логикалық операцияларды пайдалануға тура келетін дидактикалық жұмыстар.

1. Салыстыру әдістері:

Заттар мен құбылыстарды танып білудегі бірінші логикалық тәсіл – *салыстыру*, яғни зерттелетін нысандардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын саралау керек. Мысалы, екі затты алып салыстыратын болсақ алдымен 1) қандай қасиеттері бойынша заттарды ұқсастығы мен айырмашылығын салыстыруға болатынын; 2) заттардың бір – бірінен ұқсастығы мен айырмашылығын анықтау; 3) жалпы салыстыру нәтижелері бойынша қорытынды жасау. Салыстыру әдісін қалыптастыру және қарапайым түрде жалпылаудың химияның алғашқы сабақтарында бастау керек. Алдымен мұғалімнің көмегімен біртіндеп өз бетінше салыстыра алуға үйрету керек. Алғашында өздеріне таныс заттарды салыстыруға (тұз бен қантты, бор мен көмірді, су мен сұйық майды т.б.) болады. Мәселен, заттардың физикалық қасиетін салыстыруға арналған №2 кестені алып қарауға болады.

2 – кесте. Заттардың физикалық қасиетін салыстыру

Салыстыру белгілері:	Заттардың физикалық қасиеттері		Қорытынды:
	Сутегі	оттегі	
Агрегаттық күйі	Газ	Газ	Сутегі мен оттегі физикалық қасиеттері бойынша ұқсас; Сутегінің оттегіден айырмашылығы өте жеңіл. Суда аз ериді.
Түсі	Түссіз	Түссіз	
Иісі	Иіссіз	Иіссіз	
Тығыздығы	Ауадан жеңіл	Ауадан ауырлау	
Суда ерігіштігі	Суда ерімейді деп санауға болады	Суда аз ериді	

2. Талдау әдістері:

Талдау үрдісінде затты элементтерге бөлшектеп, одан әрі элементтер бойынша зерттейді. Талдау – жинақтау тәсілі заттар мен құбылыстарды тереңдей әрі жан – жақты танып – білуге мүмкіндік береді. Мысалы, қанттың құрамында көміртектің 12, сутектің 22, оттектің 11 атомы кіреді. Ауаның құрамы: 78% азот, 21% оттегі, 1% инертті газдардан тұрады. Немесе берілген 3 сынауықтың қайсында сульфат ионы, нитрат ионы, хлорид ионы барын анықтауға арналған зертханалық жұмыстар [1].

3. Синтез әдістері:

Синтез – білімді жинақтап біріктіру, талдауға қарама – қарсы әдіс. Мысалы оқушыларға концентрлі күкірт қышқылын қалай тасымалдауға болады? – деген сұрақ қойылса оқушылар концентрлі күкірт қышқылының химиялық қасиеті туралы білімдерін жинақтай келе, концентрлі күкірт қышқылын темір цистернада тасуға болатынын айтады, себебі концентрлі H_2SO_4 темірмен әрекеттеспейді. Бұл әдістер арқылы H_2SO_4 өндірісін - өткенде оқушылардың білімдерін жинақтап, негізгісін тізбе нұсқаулар бойынша жазуына болады.

4. Жалпылау

Жалпылау – ойлау мен оқу әрекетінің ішіндегі ең күрделісі. Өйткені ол: қарастырылатын заттың немесе құбылыстың жалпы мен негізгі белгілерін көрсету (бірінші кезең), жаңа байланыстар мен олардың өзара байланыстылығын анықтау (екінші кезең) мен жаңа

ортақ белгілерін көрсету болып табылады. Жалпылау - ол қорытындылау мен анықтама беру ғана емес, сонымен қатар түсіндіру, дәлелдеу түрінде де бола алады. Мысалы жалпылауға арналған төмендегі мына сұрақты қарастырайық: хлордың тұншықтырғыштық қасиеті бар. Натрий теріге тисе көп уақыт бойы жазылмайтын жаралар қалдырады, ал осы екі элементтен тұратын натрий хлориді адамға өте қажет. Бұл қасиеттерді қалай түсіндіруге болады? Бұл сұрақтарға жауап беру үшін оқушылардың логикалық іс – әрекеттері қажет[1].

Оқушылардың білім алуы мен дүниетанымын қалыптастыру үрдісінде олардың логикалық заңдылықтарды пайдалана білу дағдыларын және қабілеттіліктерін дамыту керек.

Қабілеттілік проблемасы – ең көкейкесті психологиялық және педагогикалық проблемалардың бірі. Қабілеттіліктер адамның іс - әрекеті барысында дамып, білінеді. Оқушылардың жеке оқу пәндері бойынша қабілеттіліктерінің дамуы оқу материалын игеру барысында сол пәндерге деген ынтасы мен бейімділіктерінің қалыптасуына тығыз байланыста жүреді. Егер оқушылардың сабаққа ынтасы мен бейімділіктерін жүйелі түрде дамытып, олардың білімді, іскерлікті және дағдыны пайдалануына жағдай туғызылса, әр оқушымен олардың әрқайсысының өзіндік психологиялық ерекшеліктеріне сай жұмыс жүргізілсе, онда жалпы қабілеттіліктері де, арнаулы қабілеттілікті де жоғары деңгейде дамытуға болады.

Оқушылардың белсенділігін үш топқа бөлуге болады. Олар: еліктеушілік, орындаушылық және шығармашылық белсенділік.


1. Еліктеушілік белсенділік - репродуктивтілік немесе қайталау. Біреудің тәжірибесі екіншісіне әсер етеді. Мысалы, мұғалім аспапты қалай құрастыру керектігін көрсетеді, одан кейін онда тәжірибе жасауды үйретеді. Оқушылар ізінше оны қайталап, сол операцияны орындайды.
2. Іздентушілік – орындаушылық белсенділігі, өзіндік дәрежесі үлкен болады. Мақсатты сезініп, оны орындаудың жолдарын іздестіреді. Оның мысалы ретінде кез келген сынақ тәжірибелік есептерді шығаруды айтуға болады.
3. Шығармашылық белсенділік – жоғары деңгейдегі іс-әрекетті, мақсатты оқушының өзі қойып, оны шешудің жолдарын анықтайды. Мысалы, оқушыға бір органикалық қосылыстың синтезін орындау тапсырылады. Онда алғашқы заттар және нәтижесінде – соңында шығатын заттар белгілі. Соңғы нәтижені алу үшін, оқушы әр түрлі мақсаттарды жинақтап шешуге тиіс, синтезді жүзеге асыру жолдары, қандай аспапты құрастыру керек. Одан кейін оны жүзеге асырудың органикалық әдістері қолданылады. Бұл жерде оқушы ғылыми – зерттеушілік конструктор, инженердің рөлін атқарады. Өз бетінше белсенділігі аса жоғарылайды. Оқытудың сарамандық әдістерін пайдалану кезінде ішкі ойлау белсенділігі сыртқы әсермен байланысып жатады[2].

Химия сабақтары баяндаудың хабарлама, көрнекі көрсету, безендіру әдістерімен өткізілгенде, зертханалық және сарамандық тәжірибелер нақтылы нұсқаулар бойынша жасалғанда, химиялық есептер бірыңғай жаттанды тәсілмен шығарылғанда, жаттығулар білімді қайта жаңғырту мақсатымен жүргізілгенде оқушылардың еліктеу – қайталау таным әрекеті жүзеге асады.

Эксперимент есептерін шығарғанда, қойылған мәселені шешу жолдарын іздегенде оқушының дербестігі артып, іздеу, таным әрекеті жүзеге асады. Мәселені өзі қойып, оны шешудің жаңа жолын ойластыру, оқушының танымы зерттеу сипатына ие болады. Бұл оқушы көрсетуі ықтимал белсенділіктің ең жоғары сатысы.

Еліктеу – қайталау, іздеу және зерттеу-сабақ үстінде оқушылар жүзеге асыратын таным әрекетінің үш әрекетінің үш деңгейі. Осылардың соңғы екеуін қамтамасыз ету үшін хабарлама баяндаудың орнына мәселелік дәріс, эвристикалық әңгімелесу, зерттеу сипаты бар зертханалық және сарамандық жұмыстар жүргізіледі[3].

Оқушылардың танымдық қабілеттерін, қызығушылықтарын арттыру үшін химия сабағында әр түрлі қызықты тәжірибелер көрсетуге болады[3]. Мысал ретінде алсақ, «Минералды хамелеон» тәжірибесі. Хамелеон деген кесіртке, сыртқы ортаның әсерінен өзінің түсін тез арада өзгерте қояды. Осындай қасиет кейбір ерітінділерде де болады екен. Ұлы орыс ғалымы В.М.Севергин калий манганат ерітіндісінің түсінің тез арада өзгеретінін байқап, оны минералды хамелеон деп атаған. Тәжірибені жүргізу үшін ең алдымен калий манганатын алады. Ол үшін калий перманганатын пробиркада қыздырады.



Алынған тұзды суға ерітеді, сонда жасыл түсті ерітінді пайда болады. Ол ерітінді сол бойда күлгін – көк, соңынан қызғылт түске өзгереді.



Оқушылардың танымдық белсенділігін сұрақтар қою арқылы бекітуге болады. Мысалы, жоғарыда берілген тәжірибеге байланысты бекіту сұрақтарын қарастырайық:

Неге калий перманганатын қыздырғанда және суға еріткенде жасыл түсті ерітінді түзеді? Калий перманганатын қыздырғанда ол калийдің манганатына айырылады, ал оның судағы ерітіндісі жасыл түсті болады. Ерітіндінің түсі біртіндеп өзгеруінің себебі манганаттар сулы ерітіндіде біртіндеп перманганатқа айналады. Соның нәтижесінде жасыл түс өзгеріп көк түске және қызғылт түске ауысады.

Жалпы мұғалімдерге оқыту кезінде танымдық міндеттерді жүзеге асырудың төмендегідей ережелері ұсынылады:

- танымдық міндет пәндік мазмұннан туындауы тиіс;
- міндеттерді орындау үшін нақты жағдайларды қалыптастыруға орай оқушының нақты даму деңгейін және олардың дайындығын есепке алу керек;
- міндеттерде ақыл-ойды, алғырлықты, шығармашылықты дамыту үшін қажетті ақпарат болуы тиіс;
- оқушының пәндік әрекетін жүзеге асыруға қажетті жағдайды жасау керек;
- оқушыға міндеттерді шешуді үйрету қажет, оларды қажетті тәсілдермен қару-ландырған дұрыс, алдымен мұғалім арқылы, кейін ұжымдық жұмыста өз бетінше жеке әрекеттер жоспарына біртіндеп аударуы керек [4].

Оқу өз кезегінде дамуға алып келеді. Ол көбірек тиімді жүзеге асады, егер біршама алдыға қарай ілгері жүрсе, бұл жерде «жақын даму аймағына» бағытталу сөз етілуде.

Оқушылардың есте сақтау мен ойлау іс – әрекеттерін дамыту аса маңызды процесс, себебі онсыз химияның жаңа негіздерін меңгеру мүмкін емес. Білім қорын жинақтау мен интеллектуалдық қабілетті дамыту – белсенді түрдегі психологиялық процесс, оған есте сақтау мен ойлану процестері қатысады. Олар көбірек продуктивті танымдық іс-әрекет кезінде белсенді түрде дамиды. Химияны оқыту барысында оқушылардың есте сақтау мен ойлау қабілеттерін дамыту - жеке тұлғаны қалыптастыру және оқу – танымдық іс-әрекеттің маңызды бөлігі.

Әдебиеттер

1. Зуева.М.В. Развитие учащихся при обучении химии. - Москва: «Просвещение», 1978 г. - 14 с.
2. Нұғыманұлы И., Шоқыбаев Ж.Ә., Өнербаева З.О. Химияны оқыту әдістемесі: Оқу құралы. – Алматы: Print – S, 2005ж.– 138 б.
3. Көгисов С.М. Химиядан сыныптан тыс жұмыстар. Оқу құралы. – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің Редакциялық-баспа бөлімі, 2009ж. – 7 б.
4. Мырзабайұлы А. Химияны оқыту әдістемесінің педагогикалық негіздері. – Алматы : «Білім», 2004ж. – 25 б.

ТЕХНИКА ҒЫЛЫМДАРЫ
ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ
Technical Sciences

УДК 631.316

**ОБОСНОВАНИЕ ПАРАМЕТРОВ КОМБИНИРОВАННОГО РЫХЛИТЕЛЯ
ДЛЯ ПОСЛОЙНОЙ ОБРАБОТКИ СОЛОНЦОВ В УСЛОВИЯХ
ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА**

Н.А. Кантарбаев, К.Т. Есбосынов

*Актюбинский региональный государственный университет имени К. Жубанова
г. Актюбе, Казахстан*

Мақалада ауыр топырақты сатылап өңдеуге арналған күрделі машинаның копсытқышында орналасқан тік пышақтардың конструктивтік параметрлерін жер жыртуда қойылатын агротехникалық талаптарды төмен энергетикалық шығындармен орындау принципіне байланысты анықталған.

In article the basic parameters of vertical knives on claw. Ripper combined for agro-technical requirements of the technological process to the layered handle feral at the least traction resistances.

Кілт сөздер: бағанды бұзу, қарашірік, кенбетіндегі құнарлы қабатының алынуы, қыл-қыбыр, тікжүзін төменгі науаға қайрау және орнату, қарсылық кедергі, биіктікті және бұрыштарды кесу.

Key words: the destruction of the column, spilling humus, removal of fertile layer on the surface of the field, fluff, cutting the soil, pulling resistance, height and angles of sharpening and installation to the bottom groove of the vertical blade.




Рисунок 1. Расчетная схема к обоснованию технологии послойной обработки комбинированного рыхлителя

Лемех плоскорезущей лапы, подрезая солонцовый горизонт, частично крошит его нижнюю часть, а верхняя часть этого горизонта остается без изменения [1,2]. Слабое разрушение данной части объясняется тем, что влажность его всегда низкая и для разрушения требуется большее напряжение. Поэтому для разрушения монолитности горизонта необходимы дополнительные деформаторы в виде вертикальных ножей (рис.1). Необходимая степень разрушения данного горизонта зависит от высоты и расстояния между вертикальными ножами. Технологический процесс послойной обработки обеспечивается при высоте ножей - рыхлителей не больше глубины обработки и не меньше мощности солонцового и подсолонцового горизонтов (рис. 1)

$$a > h_H > h_B, \quad (1)$$

где a - глубина обработки, м;

h_H - высота вертикального ножа, м;

h_B - мощность солонцового и подсолонцового горизонтов, м.

Высота вертикального ножа с учетом мощности верхнего слоя равна

$$h_H = a - h_A, \quad (2)$$

где h_A - мощность верхнего слоя, м;

При перемещении почвы по поверхности лемеха происходит частичное крошение нижнего слоя, в

результате чего высота профиля пласта почвы увеличивается на величину, равную вспушенности $h_{ВП}$. Тогда высота вертикального ножа с учетом вспушенности определяется выражением

$$h_H = (a - h_A) + B_n = h_B + h_{ВП}, \quad (3)$$

Для солонцов Западного Казахстана мощность гумусового слоя колеблется в пределах 0,06...0,12м, при глубине их обработки 0,30м и принятой величине вспушенности 0,04м, высота вертикальных ножей должна быть 0,28...0,22м. Таким образом, высота ножей определяется из технологических параметров процесса послышной обработки почвы.

Для определения расстояния между ножами представим рабочий орган как двугранный клин, на котором

установлены параллельно два вертикальных ножа толщиной S и углом заточки 2β (рис. 2).

Относительная деформация почвы, находящиеся между двумя вертикальными ножами определяется уравнением

$$\varepsilon_y = \frac{l - l_1}{l} = \frac{S}{l}, \quad (4)$$

где l - первоначальная ширина пласта, равная расстоянию между осевыми линиями соседних ножей, м;

l_1 - ширина пласта после деформаций, равная расстоянию между внутренними боковыми поверхностями соседних ножей, м.

Для определения ε_y рассмотрим элементарный объем почвы, находящейся между ножами под действием

главных напряжений $\sigma_x, \sigma_y, \sigma_z$. В связи с тем $\sigma_x = \sigma_z$, то относительная деформация вдоль оси Y на основании обобщенного закона Гука равна

$$\varepsilon_y = \frac{1}{E} (\sigma_y - 2\mu \cdot \sigma_x) \quad (5)$$




Рисунок 2. Схема к обоснованию расстояния между вертикальными ножами

При достижении критической величины деформации $\varepsilon_y^{кр}$ происходит разрушения пласта. Зависимость изменения расстояния между ножами от критической величины относительной деформации почвы приведена на рисунке 3. Из графика видно, что расстояния между ножами зависит от их толщины, физико-механических свойств почвы (модули деформации E и сдвига G , коэффициент Пуассона μ).

В.А. Баладинский рекомендует для тяжелых глинистых почв, какими являются солонцы, принимать

значение $\varepsilon_y^{кр} = 0,06$ [3]. Тогда расстояние между ножами должны быть 0,17...0,25м при толщине ножей 0,01...0,015м.

Окончательный выбор расстояния между ножами требует экспериментального определения физико-механических свойств почвы E, G, μ .




Рисунок 3. Зависимость расстояния между вертикальными ножами от величины критической относительной деформации почвы

Углы заточки и установки ко дну борозды вертикального ножа влияют на его тяговое сопротивление. Для обоснования угла заточки рассмотрим процесс взаимодействия ножа с солонцовым горизонтом с позиции контактной задачи теории упругости. При этом допустим, что почва линейно-деформируемая среда до пределов ее разрушения [4,5].
В реальных условиях работы лезвия ножа быстро приобретают форму закругленной поверхности. Поэтому форму режущей части ножа примем в виде клина с закругленной вершиной радиусом $R = 1$ мм, почву в виде упругой полуплоскости (рис.4).




Рисунок 4. Схема взаимодействия клина с почвой

Вершина клина является частью цилиндра - сегмента. Поэтому распределение давления в зоне контакта закругленного клина с почвой выражается уравнением [6]

$$P(y) = \frac{2P_H}{\pi \cdot a_c^2} \sqrt{a_c^2 - y^2} \quad (6)$$

где P_H - усилие воздействия ножа на почву, кН;

a_c - полуширина участка контакта, м;

y - координата точки, в которой определяется давление, м.

Полуширина участка контакта закругленной части клина с почвой определяется выражением

$$a_c = \sqrt{\frac{4P_H \cdot R \cdot (1 - \mu^2)}{\pi \cdot E}} \quad (7)$$

Отсюда определяем усилие воздействия ножа на почву

$$P_H = \frac{\pi \cdot a_c^2 \cdot E}{4 \cdot R \cdot (1 - \mu^2)} \quad (8)$$

При внедрении ножа в почву на глубину, равную высоте сегмента h , т.е. до точки перехода закругленной части в клин, полуширина контакта сегмента с почвой a_c будет равна полуширине контакта клина с почвой

a_k или радиусу R закругления, $a_c = a_k = R$

Давление в средней части ножа при $y = 0$, $P_c = P_k = P_{max}$ (рис. 4). Максимальное давление равно

$$P_{\max} = \frac{2P_H}{\pi \cdot a_k} \quad (9)$$

Тогда усилие внедрения ножа в почву

$$P_H = \frac{1}{2} \pi \cdot a_k \cdot P_{\max} \quad (10)$$

Полуширина контакта клина с почвой, выраженная через параметры клина

$$a_k = \frac{P_H (1 - \mu^2)}{\text{ctg} \beta \cdot E}, \quad (11)$$

где β - половина угла заточки ножа, м.

Совместно решая формулы (9), (10) и (11), определяем половину угла заточки ножа без учета трения почвы

$$\beta = \text{arcctg} \left(\frac{\pi \cdot P_{\max} (1 - \mu^2)}{2 \cdot E} \right) \quad (12)$$

С учетом физико-механических свойств почвы, формула примет вид

$$\beta = \text{arcctg} \left(\frac{\pi \cdot P_{\max} (1 - \mu^2)}{2 \cdot E \cdot \cos \pi \left(\frac{1}{\pi} \text{arctg} \frac{f}{1 - \mu} \right)} \right), \quad (13)$$

где f - коэффициент трения почвы о сталь.

Построим графические зависимости угла заточки ножа 2β от коэффициента Пуассона μ (рис. 5) и влажности W солонцового слоя (рис.6), используя значения коэффициента внешнего трения солонцов по Ю. А. Тагину.




Рисунок 5. Влияние коэффициента Пуассона μ и влажности W солонцового слоя на угол заточки вертикальных ножей

Величина угла заточки ножа с увеличением коэффициента Пуассона и коэффициента внешнего трения возрастает. С увеличением влажности почвы до 19% угол заточки остается постоянным, а затем возрастает. Оптимальная влажность для солонцов 18...25%, при которой почва хорошо крошится и расходуется на ее обработку минимальное количество энергии [7].Этой влажности почвы соответствует теоретический

оптимальный угол заточки $2\beta = 45...50^\circ$ (рис. 5), который близок к экспериментальному значению угла заточки ножа для глинистых почв [8,9].

Таким образом, полученная зависимость позволяет определить оптимальный угол заточки ножа с учетом региональных особенностей почв.

Сила сопротивления резанию вертикальным ножом зависит не только от угла его заточки, но и от угла наклона его ко дну борозды. Наименьшая энергоёмкость технологического процесса соответствует к резанию со скольжением. Для определения угла наклона ножа ко дну борозды рассмотрим его воздействие

на почву и укажем все составляющие результирующей силы R (рис. 6).




Рисунок 6. Схема к определению угла установки вертикальных ножей ко дну борозды

Почва будет перемещаться по ножу, если касательная составляющая нормальной силы N_T будет больше, чем максимальная сила трения F_{\max} почвы о его поверхность $N_T > F_{\max}$. Если учесть, что

$N_T = N \cdot \operatorname{tg}\left(\frac{\pi}{2} - \alpha\right)$, $F_{\max} = N \cdot \operatorname{tg}\varphi$, то условие скольжения можно записать в следующем вид

$$N_T = N \cdot \operatorname{tg}\left(\frac{\pi}{2} - \alpha\right) > N \cdot \operatorname{tg}\varphi, \quad (14)$$

где N - нормальная сила, кН;
 α - угол наклона ножа ко дну борозды, град;
 φ - угол трения, град.

Это условие выполняется при неравенстве $\frac{\pi}{2} - \alpha > \varphi$. При оптимальной влажности солонцового горизонта $w = 18...25\%$ угол трения имеет значение $\varphi = 32...37^\circ$. Тогда угол наклона ножей должен быть $\alpha < 53...58^\circ$. Это обеспечивает резание со скольжением и приведет к снижению энергоемкости рабочего органа. Однако в этом случае возникает возможность перемещения солонцового горизонта на поверхность поля, что нельзя по агротехническим требованиям. Поэтому устанавливать ножи ко дну борозды под углом меньше 53° нерационально.

Литература

1. Нуралин Б.Н., Обоснование схемы комбинированного рыхлителя для мелиоративной обработки солонцов/ Б.Н. Нуралин, И.Я. Штейнерт, Д.В. Сакара// Журнал «Уральские нивы». – Свердловск, 1985, №10. –С.58.
2. Нуралин Б.Н. Совершенствование конструкции плоскорежущей лапы для почвозащитной и влагосберегающей технологий обработки почвы/ Б.Н. Нуралин, Н.А. Кантарбаев // Научно-практический журнал ЗКАТУ им. Жангир хана «Наука и образование». – Уральск, 2013, №4. –С.112-117.
3. Баладинский В.А., Динамическое разрушение грунтов / В.А. Баладинский. – Киев, КГУ, 1973. – 243с.
4. Бабицкий Л.Ф., Исследование и обоснование геометрических параметров зубчатого рабочего органа культиваторов для противоэрозионной обработки почвы/ Л.Ф. Бабицкий// Автореф. дис. ... канд. техн. наук. – Челябинск, 1979. - 20 с.
5. Цитович Н. А., Механика грунтов. – М.: Высшая школа 1983. – 288с.
6. Штайерман И.Я., Контактная задача теории упругости / И. Я. Штайерман. – М.: Госиздат, 1949. – 270с.
7. Тагин Ю.А., Исследование технологических свойств солонцовых почв Барабинской низменности в целях обоснований рациональной технологии их обработки/ Ю.А. Тагин // Автореф. дис. ... канд. техн. наук. – Омск, 1970. -28с.
8. Далин А.Д., Ротационные землеройные и грунтообрабатывающие машины /А.Д. Далин, П.В. Павлов. – М.: Машгиз, 1950. -250с.
9. Зеленин А.Н., Основы разрушения грунтов механическими способами / А.Н. Зеленин. – М., 1968. -372с.

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ
ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ
Philological Sciences

УДК 37.472.

**К ВОПРОСУ ИЗУЧЕНИЯ ПРОБЛЕМЫ ЖЕНСКОЙ СВОБОДЫ
(НА ОСНОВЕ ПОЭМЫ НИЗАМИ ГЯНДЖЕВИ «СЕМЬ КРАСАВИЦ»)**

Э.Л. Гасанов

*Гянджинское отделение Национальной академии наук Азербайджана
г. Гянджа, Азербайджан*

Мақалада эзірбайжан халқының кеменгер ойшылы, ұлы ақыны Низами Гянджевидің шығармашылығындағы әйел бостандығы тақырыбындағы толғаулары тарихи-әдеби дерек көздеріне сүйене отырып, зерттелген.

On the basis of historical and literary materials and sources the problem of woman freedom was investigational in work of the great Azerbaijanian thinker and poet by Nizami Gyanzhavi.

Кілт сөздер: *Низами Гянджеви, тарихи-мәдени зерттеулер, әйел бостандығы.*

Key words: *Nizami Gyanzhavi, historical and cultural researches, woman freedom.*

Как известно, по охвату глобальных проблем, среди которых смысл мироздания и человеческая жизнь, возможность гармонии между властьдержащими и народом, связь между обществом и природой, миссия и назначение индивида на земле, придаёт поэмам Низами из «Пятерицы» характер многоплановости и многоценности. Четвёртая поэма из этого цикла «Семь красавиц», явилась прогрессивной вехой как в истории художественной и эстетической мысли Востока, так и в освещении вопросов гендерного равновесия между полами. Поэт-мыслитель не случайно отводит в произведении большое место женским образам, символизирующим как основные части света, так и преимущественную их мудрость в сравнении с мужскими образами поэмы.

Помимо царственных наложниц Бахрам-гура, автор особо выделяет образ одной из рабынь, посвятив ей отдельную часть «Бахрам и рабыня». Идеино-художественный анализ свидетельствует о том, что в сопоставлении с другими женскими образами, способность рабыни Фитны сеять смуту в мыслях своего владыки, «идти против течения» ставит безвольную по статусу женщину на ступеньку выше дворцовых вельмож и наложниц.

Кто же такая Фитна? С заметной симпатией поэт описывает любимую рабыню шаха:

Вся - соблазн, имя - Смута, иначе - Фитна,
Весела, очарованьем истинным полна [1, с. 19].

При глубоком прочтении этой части поэмы не ускользает от внимания приём художественной контрастности, используемый автором. Антитеза содержится уже в самом названии и содержании: шаха в положение «мат» поставила рабыня. На первый взгляд может показаться, что здесь повествуется о раболепной, безмолвной и простой рабыне. Веками установленные правила поведения обязывали невольницу именно к этому. Не тут-то было!

Как следует из строк, в имени женщины есть намёк на необузданность энергии, смелость в речах и поступках.

В отличие от прочих «жительниц» дворца, «прихотливая» Фитна обладала природным даром влиять на самозабвенно любящего себя шаха, побуждать его к спору и отстаиванию своей правоты.

Будучи превосходным охотником, каждого пронзённого стрелой онагра Бахрам считал чуть ли не повергнутым противником. Поэтому, упиваясь этим, он требовал от окружающих ликования, хоть и нарочитого. Когда же Фитна весьма хладнокровно отозвалась о его очередной «победе» над несчастным животным, привыкший к подобострастию Бахрам превратился в разъярённого тигра.

Видя её равнодушие даже после того «как он» копытце онагра с тонким ухом «сшил», шах решил проучить рабыню. Стойкая Фитна не дрогнула и перед уничижительной тирадой вскипевшего от злости Бахрама, который не стеснялся в высказываниях в её адрес: «узкоглазая татарка; не видит глаз твой узкий больше ничего?» и т. д. Антропологические данные женщины указывают на восточный генотип описанного образа. Низами Гянджеви, новатор и философ, предвидел, что Восток для человечества – колыбель новых идей, научных открытий и сокровищ художественного творчества.

А Фитна продолжала «играть с судьбой» и подтрунивать над ним:

Ремесло тому нетрудно, кто постиг его.

Тут нужна одна сноровка – только и всего [2, с. 21].

Как видим, Фитна сильна не одними «сладостными напевами». Женщина эта умела манипулировать самолюбием и моральной неустойчивостью Бахрама. Хотя и в ущерб личного благополучия, тёплому месту под солнцем, рабыня в очередной раз пытается перечить шаху.

С точки зрения гендерного равноправия мужчин и женщин, созданная литературным замыслом Низами сюжетная коллизия оказывается отправной точкой, что изменяет ход событий в пользу идейной насыщенности поэмы. Подтекст данной части демонстрирует стремление автора видеть превалирующую роль женщины в социуме, так как она источник новой жизни.

Возникает противоречивый вопрос: почему расчётливая женщина в открытую конфликтует с Бахрам-гуром? Ответ на него кроется в авторской цели по созданию образа рабыни. Он выводит его за рамки будничного восприятия, расширяя понятие «прихотливая» [3, с. 44].

В широком смысле, Фитна-рабыня восстаёт против бесправия женщин и тех устоев общества, которые не обеспечивают не только равноправия, но и гармонии в социальных взаимоотношениях полов.

Развернувшиеся далее события представляют этот образ как человека будущего, способного к самоутверждению и активной деятельности в различных областях общественной жизни. Своей несговорчивостью, нежеланием потакать капризам господина Фитна поплатилась многим на целых шесть лет.

На фоне таких качеств характера приложение «рабыня» к её имени звучит диссонансно.

На примере Фитни автор иллюстрирует типичность подобной линии судьбы для восточной женщины: готовность к самопожертвованию и лишениям во имя истины.

По жизни рабыня Фитна реализовала заключённый в имени смысл: посеяв смятение в другом, сама прошла через смуту и беспокойства.

Бахрам-гура она поставила в затруднительное положение: казнить или помиловать ту, которой «сладостный напев пронзает сердце»? С кем быть ему? На чью сторону склониться? Неокрепшая душа вечного любовника приняла сторону тёмных сил. И за это шаху ещё придётся поплатиться.

Позже Бахрам-гур осознаёт бессмысленность своей жизни, но печальная концовка неминуема. Он понял, что жизнь «сгорела», все чувства и желания пеплом разлетелись в безбрежных небесах. Поэт ясно даёт понять, что если властитель не отвечает своему основному предназначению, то грош ему цена. О грехе, подобно сильному онагру, бумерангом вернулась к кровожадному ловцу.

Образ Бахрама, как негативного примера прожигателя жизни, в этом плане несёт определённую воспитательную роль. Катализатором событий, которые завершились ожидаемой развязкой, стало «железная» рабыня.

Когда-то купающаяся в лучах счастья и любви женщина в трудной ситуации не сдалась, не пала духом. Тонкий ум и природное чутьё подсказали ей шахматный ход, достойный игры шахов: продолжать жить и совершенствоваться, чтобы доказать мучителю опрометчивость его решений. Она сделала всё, найдя в себе духовные и физические силы, что бы приблизить встречу с ветреным шахом.

Прожив с Бахрамом немало времени, Фитна отлично знала особенности его характера. Ещё в начале размолвки женщина почувствовала бурлящее в сердце шаха смятение, что говорило о скором раскаянии. Недаром говорят, что «в здоровом теле – здоровый дух», т. е. сильная воля и трезвые решения.

Это видно из обращения его к полководцу:

Дерзкую в живых оставлю – не найду покоя.

А убить – женоубийство дело не мужское.

Ещё, видно, не всё потеряно. Понятие чести в данном случае берёт верх над инстинктами. Он перепоручает «чёрное» дело другому, что также обнадёживало несчастную.

Теплящееся в глубине души шаха чувство души к ней и приводит Фитна в качестве одного из доводов, уговаривая старика:

Избранный и за душевный я Бахрамов друг,
Всех рабынь милее я и всех супруг [1, с. 20].

Убеждая старого вояку воздержаться от обязанности лишить её жизни, она оперирует святыми на Востоке понятиями, например: «...не хочешь горя дому своему; беды не твори; на себя крови не бери; не казни меня» и т. д.

Фитна, проявив минутную слабость, пожалела себя, сказав: «Див толкнул меня на слабость...». Но благородность конечной цели придаёт ей неиссякаемую энергию, физические и духовные. Фитна верит, что Бахрам поймёт, примет решение, изменит свою жизнь, а самое главное, повернётся лицом к многострадальному народу.

«Прихотливая» Фитна находит заветный ключик к сердцу и уму нового вершителя её судьбы. Обратите внимание, как ей удаётся постепенное установление доверительных отношений с ним. Совершенствуясь физически, Фитна в тоже время не забывала о моральной мишени: дожидаться покаяния Бахрама.

Если основным аргументом в предстоящей дружбе было мздаимство полководца, то потом между ними возникли взаимоотношения отца и дочери. Видно, он тоже осознал цепкость ума и глубину рассудительности рабыни:

Тайный договор скрепили, жизнью поклялись;

Он от зла, она от ранней гибели спаслись.

Его также восхищала редкая целеустремлённость и трудолюбие Фитны. Ни на минуту не оставляя заботы о своём спасителе, она ежедневно тренировалась:

Женщина молодая, хоть и с малой силой,

Каждый день тельца на кровлю на себе носила.

А Фитна продолжала «играть с судьбой» и подтрунивать над ним:

Ремесло тому нетрудно, кто постиг его.

Тут нужна одна сноровка – только и всего.

Как видим, Фитна сильна не одними «сладостными напевами». Женщина эта умела манипулировать самолюбием и моральной неустойчивостью Бахрама. Хотя и в ущерб личного благополучия, тёплому месту под солнцем, рабыня в очередной раз пытается перечить шаху.

С точки зрения гендерного равноправия мужчин и женщин, созданная литературным замыслом Низами сюжетная коллизия оказывается отправной точкой, что изменяет ход событий в пользу идейной насыщенности поэмы.

Подтекст данной части демонстрирует стремление автора видеть превалирующую роль женщины в социуме, так как она источник новой жизни.

Позже Бахрам-гур осознаёт бессмысленность своей жизни, но печальная концовка неминуема. Он понял, что жизнь «сгорела», все чувства и желания пеплом разлетелись в безбрежных небесах. Поэт ясно даёт понять, что если властитель не отвечает своему основному предназначению, то грош ему цена. О грехе, подобно сильному онагру, бумерангом вернулась к кровожадному ловцу. Образ Бахрама, как негативного примера прожигателя жизни, в этом плане несёт определённую воспитательную роль.

Катализатором событий, которые завершились ожидаемой развязкой, стало «железная» рабыня.

Когда-то купающаяся в лучах счастья и любви женщина в трудной ситуации не сдалась, не пала духом. Тонкий ум и природное чутьё подсказали ей шахматный ход, достойный игры шахов: продолжать жить и совершенствоваться, чтобы доказать мучителю опрометчивость его решений. Она сделала всё, найдя в себе духовные и физические силы, что бы приблизить встречу с ветреным шахом.

Литература

1. Бертельс, Е.Э. Избранные труды / Е.Э. Бертельс. - М., 1999. – 340 с.
2. Гянджеви, Низами. Семь красавиц / Низами Гянджеви. - Баку, Язычы, 1983. – 289 с.
3. XX век. Женщины Азербайджана. Баку, 2003. – 478 с.
4. Акунова, Л.Ф. Материаловедение и технология производства художественных керамических изделий: учеб. пособие / Л.Ф. Акунова, С.З. Приблуда. – М.: Высшая школа, 1979. – 216 с.
5. *Hasanov, E.L. About fundamental studies on local cultural traditions of Ganja // E.L. Hasanov / European Journal of Natural History, 2013. - № 3. - P. 65-68.*
6. *Taylor P.M., Hasanov E.L. Ethnological features of cultural heritage of Ganja (On the basis of Mahsati Ganjavi's creation) // Taylor P.M., Hasanov E.L. / International scientific journal Theoretical & Applied Science, 2013. - № 12 (8). - P. 41-44.*

УДК 809.434.2

Академик Нығмет Сауранбаев және қазақ тілі диалектологиясының мәселелері

Б.Қ. Мұратбек

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ақтөбе қ., Қазақстан*

Опираясь на научные труды профессора Н.Т.Сауранбаева в статье раскрывается роль его деятельности в становлении и развитии казахской диалектологии.

Leaning against scientific works of professor N.T.Sauranbayev in the article opens up role of his activity in becoming and development of Kazakh dialectology.

Ключевые слова: языковые особенности, общенародный язык, литературный язык, языковое явление, разговорная речь.

Key words: language features, national language, literary language, language phenomenon, разговорная speech.

Кез келген халықтың ғылымы мен білімінің дамуына айырықша еңбек сіңіріп, сүбелі үлес қосатын тұлғалары болады. Осы орайда қазақ тіл біліміндегі көптеген салаларды

ғылыми-теориялық тұрғыдан байытып дамыта білген, тілші-ғалым, академик Нығмет Сауранбаевтың орны ерекше екені сөзсіз.

Ғалымның қазақ тілінің қазіргі дамуы мен өзекті мәселелеріне арналған теориялық еңбектері өз маңызын жоймастан күні бүгінге дейін өзекті болып келеді. Солардың ішінде ғалымның диалектологияға қатысты жасаған зерттеулерінің мәні ерекше.

Ол кезеңдегі қазақ диалектологиясының жағдайы, ғалымның өз сөзімен айтқанда «қазақ тіл білімінің ең жас және кенжелеп қалған салаларының бірі» болды. «Қазақ тілінде диалект бар ма, жоқ па, қазақ тілі монолитті тіл ме, тірек диалектіге негізделген тіл ме, қазақ тіліндегі диалектілер XV ғасырда халық тілі құрылған кезден бастап біржола жоғалып кетті ме?»-деген мәселелердің басы ашылмаған уақыт еді. «Қазақ тілі мамандарының көпшілігі В.Радлов, П.Мелиоранский, Н.Ильминский, А.Позднеев сияқты ғалымдардың пікіріне сүйеніп, тілімізде диалектілік ерекшеліктер жоқ деп келген болатын» (Н.Сауранбаев, Ж.Болатов. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктерін зерттеу. «Социалистік Қазақстан», 1957, 14 наурыз).

Қазақстанда ерлі-зайыптылардың 1%-ы ғана неке шартын жасауды жөн көреді. Негізінен халықтың неке шартына қатысты екі түрлі көзқарасы бар. Бірі енді үйленген ерлі-зайыптылардың неке шартын жасасуы олардың арасында ұрыс-керістің пайда болуына себеп болады деп біледі. Жаңадан отау құрып жатқан ерлі-зайыптылардың өміріне жамандық шақырады деп түсінеді. Сонымен қатар қазақтардың өмірінде неке шартын жасау мүлдем болмаған.

Ал екінші бір көзқарас неке шартын жасау дұрыс дейді. Қазақ айтпақшы «Жаман айтпай жақсы жоқ», кейін ерлі-зайыптылар бір-бірінің тілін таба алмай «ажырасамыз» деп жатса, олардың арасында ортақ меншікке қатысты дау туындайды. Оны әрине неке шартымен шешкен тиімді.

Халықтың бұл неке шартын қолданбау себебі, олардың көп бөлігінің шарт туралы білмеуінде. Неке шартын жасағанда міндетті түрде заңгермен кеңескен жөн. Шартта ерлі-зайыптылардың бірінің әрекет немесе құқық қабілеттілігін шектейтін жағдайлар болмауы қажет. Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің 40-бабына сәйкес неке шарты жазбаша түрде жасалады және міндетті түрде нотариатта куәландырылуға жатады. Нотариус оларға шарттың мәнін, жалпы мағынасын, жазылу формасын түсіндіреді. Нотариус шартты тексеріп, куәландыруы қажет. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік салық туралы» Заңына сәйкес шартты нотариатта куәландыруы есептік көрсеткіштің 10%-ын құрайды (1998 ж. 1 шілдеден бастап есептік көрсеткіш – 460 бап, 1998ж. 1 қазаннан бастап – 930 бап).

Неке шарты ерлі-зайыптылардың келісімі бойынша кез-келген уақытта өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін. Неке шартын өзгерту туралы немесе бұзу туралы келісім неке шартының өзі сияқты нысанда жасалады. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінде көзделген жағдайларды қоспағанда, неке шартын орындаудан біржақты бас тартуға жол берілмейді (Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің 42-бабы).

Неке шарты мемлекеттік тіркеуге дейін бекітілген болса, онда ол тіркелген кезден бастап заңды күшіне енеді. Яғни ерлі-зайыптылар некеге тұрғанға дейін неке шартын бекіте алады, бірақ ол некені мемлекеттік тіркелгеннен кейін ғана күшіне енеді. Неке шарты бұл ерлі-зайыптылардың некеге тұрғаннан кейінгі жинаған бірлескен ортақ меншікке және олардың болашақта алатын меншіктеріне қатысты бекітіледі. Шарт ерлі-зайыптылардың қалауы бойынша ғана өзгертіледі және бұзылады. Шартты бекіту, өзгерту және бұзу тәртібі жазбаша түрде жасалып, нотариалдық түрде куәландырылады. Неке шарты бойынша ерлі-зайыптылардың біреуі шартта белгіленген нормаларды орындаудан бас тартса, екінші жақ норманы бұзушы жаққа келісім шарт пен неке және азаматтық заңдарда көрсетілген тәртіппен айыппұл салынады. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексімен бекітілген неке шартын бұзу мен өзгерту сот шешімімен мүмкін. Тағы бір айта кетерлік, неке шарты бұл ерлі-зайыптылардың некесі бұзылған күннен бастап тоқтатылады.

Адамдардың неке шартының бар екенін білгенімен, оның жазылу формасын білмейді.

Неке шартының кіріспесінде оның бекітілген орны, уақыты, күні, жылы және мекен-жайлары көрсетіледі. Және де шартта ерлі-зайыптылардың мүліктеріне қатысты 11 пункт бекітілген:

1 пунктте:

- некеге тұру кезеңіндегі 2 жақтың некеге дейінгі жеке мүліктері көрсетіледі;
- олардың бағасы мен жеке меншіктік құқығын бекітетін құжаттары;
- 2 жақтың жеке меншік мүліктері бөлек көрсетіледі.

2 пунктте:

- Әрбір жақтың меншігіндегі қозғалмайтын өндірістік нысандарынан түсетін кіріс көрсетіледі. Онда:

а) иелік етуші жұбайының меншік үлесі;

ә) жұбайларының ортақ меншігінің үлесі көрсетіледі.

3 пунктте:

- АХАЖ органында тіркелгеннен кейін ерлі – зайыптылардың жеке және ортақ меншіктері. Олар:

а) ерлі – зайыптылардың әр қайсысының жеке меншігі;

ә) жалпы ерлі - зайыптылардың ортақ меншіктері.

4 пунктте:

- Неке кезіндегі алынған мүліктер. Оларға:

а) ерлі – зайыптылардың ортақ меншіктері;

ә) сол затты алған жұбайының меншігі;

б) жұбайының атына жазылған меншік;

в) басқа жағдайда.

5 пунктте:

- мен (жұбайының аты-жөні) жоғарыда көрсетілген мекен-жай бойынша (онда бөлмелер саны мен жалпы үйдің ауданы (көлемі) көрсетіледі) орналасқан үйдің иесі бола отырып (болса балаларының келісімімен) осы көрсетілген үйге шешесімен бірге бөлмені (шаршы метр) пайдалану құқығымен (2-ші: жұбайының аты-жөні жазылады) жұбайымды тұрғызуға келісім беремін;
- мен (аты-жөні) иеленушінің ұсынысымен келісе отырып, көрсетілген мекен-жайға тұруға келісім беремін.

6 пунктте:

- ерлі–зайыптылар еңбекке қабілетсіз немесе жұмыс істемейтін жұбайына айлық төлем төленуге міндет алады (айлықтың көлемі көрсетіледі).

7 пунктте:

- неке бұзылған кезде неке кезіндегі ерлі–зайыптылардың жинаған мүліктері келесі тәртіппен бөлінеді:

а) тең үлесте;

ә) отбасы мүшесіне тең үлесте : баланың үлесі, баламен қалатын жұбайының үлесі;

б) жұбайлардың біреуінің толық меншігінде қалады.

8 пунктте:

- неке кезінде жиналған ортақ меншікке жататын мүліктері жалпы талап арызы бойынша сотпен шешіледі.

9 пунктте:

- бекітілген неке шарты бойынша ерлі – зайыптылардың мүлік алу үшін жасаған шарты бойынша нотариалдық кеңсеге сол шарттың көшірмесін тапсыруы қажет.

10 пунктте:

- 2-ші жұбайының келісімінсіз мүлік алынған кезде кінәлі жақ келтірген шығынның орнын толтыруға міндетті.

11 пунктте:

- Некеге отырғанға дейін алынған екі жақтың бөлек мүліктері некені бұзу кезінде бөлінбейді.

Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің 42-бабының 1-тармағына сәйкес неке шартын сот Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінде мәмілелердің жарамсыздығы үшін көзделген негіздер бойынша толық және ішінара жарамсыз деп тануы мүмкін. Неке шартында ерлі-зайыптылардың біріне қолайсыз жағдай тудыратын нормалар болса, ерлі–зайыптылардың бірінің қалауы бойынша сот неке шартын толық немесе ішінара жарамсыз деп тануы мүмкін. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодекстің 40-бабының 3-тармағының талаптарын бұзатын неке шартының талаптары жарамсыз деп танылады. Ерлі–зайыптылардың ортақ мүлкі, олардың қылмыстық, заңсыз жолмен тапқан қаражат есебінен алынғандығы және көбейтілгендігі анықталса сот шешімімен олардың ортақ мүлкінен немесе оның бір бөлігінен өндіріп алынады [2].

Енді неке шартын басқа мемлекеттермен салыстырып қарасақ, көрші Ресей Федерациясын алайық. Ресей Федерациясының Отбасы Кодексінің 40-бабында «Некеге тұрушы адамдардың келісімі немесе ерлі–зайыптылардың (болашақ ерлі – зайыптылар) некедегі

және ол бұзылған жағдайда мүліктік құқықтары мен міндеттерін айқындайтын келісім неке шарты деп аталады» [3].

Неке шартының формасы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясында бірдей көрсетілген. Неке шарты жазбаша түрде жасалатын және нотариатта куәландырылатын құжат. Бұл туралы Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің 40-бабының 2-тармағында, ал Ресей Федерациясының «Отбасы туралы» Кодексінің 41-бабының 2-тармағында бекітілген.

Қазақстан мен Ресейде «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексіне сәйкес неке шартының талаптары бірдей көзделген. Қазақстан Республикасында, Ресейде неке шарты ерлі-зайыптылардың некеге тұрғанға дейін бекітіледі де, мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін ғана заңды күшіне енеді. Ал Европа мемлекеттері мен Америка Құрама Штаттарында неке шарты некеге тұру кезінде жасалады. Қазақстанда неке шарты тек ерлі – зайыптылардың меншік қатынастарын ғана реттейді. Ал шет мемлекеттерде шарт тек мүліктік қатынастарды ғана емес, мүліктік емес қатынастарды да реттейді. Шетелдерде неке шартын көп ретте атақты адамдар, актерлер, әншілер қолданады. Олар шартта әр түрлі жағдайларды бекітуі мүмкін. Мысалы, атақты әнші Майкл Джексон әйелі Дебби Роуимен неке шартына отырған. Шарт бойынша Джексон аяғы ауыр әйеліне босанғаннан кейін сыйлық ретінде 1,25 миллион және жыл сайын 280 мың доллар ақша беруі керек. Өз кезегінде Джексон ажырасқан жағдайда бала әкесімен қалуын және анасының келмеуін талап етті.

Актер Майкл Дуглас пен Кэтрин Зета-Джонс арасындағы жасалған неке шарты бойынша ажырасқан жағдайда Кэтрин күйеуімен тұрған әр жылға миллион доллар және опасыздығы үшін бес миллион алады. Өтемақы ретінде Кэтрин шартқа мынадай пункт енгізді, ажырасқан жағдайда барлық құны 12 мың доллар болатын той сыйлықтары күйеуіне қалады.

Халық арасында «Ғасыр мәмілесі» аталып кеткен неке шарты миллиардер Аристотель Онассис пен Жаклин Кеннеди арасында жасалды. Жаклин Америка Құрама Штаттарының 35-ші президенті Джон Кеннедидің жесірі болатын. Неке шарты бойынша Онассис Жаклинге жеке шығындары үшін 3 миллион доллар, ал президенттің балаларының әрқайсысының есепшоттарына 1 миллион доллардан аударған. Күйеуі қайтыс болған жағдайда Жаклин жыл сайын 200 мың доллар рента алуға тиіс.

Қазақстан, Ресей мемлекеттерінде неке шартына өзгерістер ерлі-зайыптылардың қалауы бойынша енгізіледі. Батыс Еуропа мен АҚШ-та неке шартына өзгерістер некеге тұрғанға дейінгі тәртіппен жүргізіледі. Ал некеге тұрғаннан кейін өзгерістер тек сот шешімімен ғана енгізіледі. Италияда неке шарты жергілікті билік органдарында тіркелуі тиіс, ал шартта жылжымайтын мүлік көрсетілсе, онда шарт жылжымайтын мүлікке қатысты шарттарды тіркеу органдарында тіркеледі.

Жапонияда неке шарты ерлі-зайыптылардың некеге тұрғанға дейін рәсімделсе ғана заңды күші болады (Жапонияның Азаматтық Кодексінің 755-бабы). Ерлі-зайыптылар некеге тұрғаннан кейін рәсімделсе, неке шарты жарамсыз болып табылады және тараптардың мүліктік қатынастары Азаматтық Кодекспен реттеледі. Сонымен қатар, жапон заңына сәйкес неке шарты ерлі-зайыптылардың некеге тұрғаннан кейін өзгертілуге жатпайды. Неке шартына өзгеріс енгізуге болады, егер шартта өзгеріс енгізу тәртібі көзделсе және енгізілген өзгеріс тәртіпке сәйкес келсе ғана шартқа өзгеріс енгізуге рұқсат етіледі. (Жапонияның Азаматтық Кодексінің 759-бабы) [4].

Германияның Азаматтық Кодексіне сәйкес, ерлі-зайыптылар мүліктік қатынастарын некеге тұрғанға дейінгі рәсімделген неке шартымен анықтай алады, бірақ некеге тұрғаннан кейін тараптардың мүлікке қатысты келісімді өзгертуге немесе күшін жоюға құқылары бар (Германияның Азаматтық Кодексінің 14-08-бабы) [5].

Сонымен, неке шарты бұл ерлі-зайыптылардың арасында меншік құқығына қатысты жазбаша жасалатын, нотариатта куәландырылатын құжат. Біздің ойымызша неке шартын міндетті қылудың қажеті жоқ, оны әркімнің өз еркіне қалдыру қажет. Неке шартына

қатысты Батыс елдеріне көп еліктеу дұрыс емес деп есептейміз. Себебі, барлығы қоғамға, адамдардың менталитетіне байланысты. Бізде неке шарты тек мүліктік қатынастарға ғана қатысты болса, шет елдерде мүліктік қатынастармен қатар мүліктік емес қатынастарды да, жеке өмірге байланысты жағдайларды да қамтиды. Қазақстанда неке шартын жасасу, айырылысу көрсеткішінің өсуіне әсер етуі мүмкін.

Демограф Мақаш Тәтімов «Айқын» газетіне берген сұхбатында былай дейді: «Еуропада неке шарты кең қолданысқа ие. Ең қызығы, оларда мұндай келісімге отырғандармен салыстырғанда, шарт жасаспағандар арасындағы ажырасудың үлесі жоғары. Алайда батыстық шарттың бір айырмашылығы – олар мүліктік құқыққа көп мән береді. Айталық, көлік, үй, саяжай дегендей. Бұл тұс біздің менталитетке аса сай келмейді. Біздің халық рухани дүниеге көбірек мән береді. Соған орай келісім шарттарда жұбайлардың міндеттері көбірек орын алса екен деген тілегім бар. Алайда жастар арасында неке шартын жасауға деген ұмтылыс әзірге болмай тұр».

Әдебиеттер

1. Нысанбекова Л.Б. Халықаралық жеке құқық. – Алматы, 2005 ж.
2. Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі, 26.12.2011.
3. Ресей Федерациясының «Отбасы туралы» Кодексі, 29.12.1995.
4. Жапонияның «Азаматтық» Кодексі, 1896.
5. Германияның «Азаматтық» Кодексі, 1896.

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ
ПЕДАГОГИКА И ПСИХОЛОГИЯ
Pedagogics and Psychology

ӘОЖ 681.3

**ҚҰЗІРЕТТІЛІККЕ БАҒЫТТАЛҒАН МОДУЛЬДІК БАҒДАРЛАМАНЫ
ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ОҚУ ҮДЕРІСІНЕ ЕНДІРУ ЖОЛДАРЫ**

Г.У. Есенғалиева

*АҚ «Ақтөбе политехникалық колледжі»
Ақтөбе қ., Қазақстан*

В настоящее время, при подготовке кадров, дающих возможность на их всестороннего, профессионального развития, освоившие знание, навык и мастерство своих рабочих местах. С другой стороны, осуществляя взаимосвязь между знанием и наукой, несомненно, повышаем качество технического и профессионального образования. Отличие модульного обучения от традиционного в том, что здесь учитывается на какую способность имеется наибольший спрос в рыночной экономике. После прохождения очередного модульного обучения можно осваивать несколько специальностей. Mondays, at the preparation of the cadres, whickes are giving passiplity on all- round, on all-round and professional`s developments, had mastered a knowledge, a pabit, and skill in their selves working places. In the second, the realizing of interconnection between the knowledge and the science we may improve a quality of technical and professional knowledge. The distinction between the modul teaching and the traditional teaching, that here taking into account what are abilities have the most demand in market`s economics.

Ключевые слова: *модульные программы, модульные обучения, учебный процесс, техническое и профессиональное образование.*

Key words: *modular process, module educating, educational process, technical and professional education.*

Қазіргі уақытта білім берудің жаңа жүйесі жасалып, Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды. Кәсіптік білім берудің ұлттық жүйесін қалыптастыруда педагог құзыреттілігі, оқушыдан кәсіби құзыретті маман қалыптастыруды бәсекеге қабілетті, білімді, азаматтар тәрбиелеуді жүктейді.

Басқа салалар секілді, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіне де тың технологияларды енгізуге үлкен мән беріліп жатыр. Оқу процесінде жеке тұлғаның білікті маман етуге бағытталған оқыту тәсілдерін озық тәжірибемен сабақтастыру бүгінде күн тәртібіне шықты. Өйткені белгілі бір оқу орнын бітіріп шыққан түлектің алған білімі жұмыс берушінің талабымен сәйкес келе бермейді. Ақыры, сол маманға мұқтаж болып отырған жұмыс беруші жас кадрды қайтадан даярлап, оқытуға мәжбүр. Ал оқу орнын жанадан бітірген түлектің біліктілігі жұмыс берушінің талабына дөп келу үшін не істеу керек? Әрине, алдымен дәстүрлі оқыту жүйесіне өзгерістер еңгізу қажет. Соның бірі - оқытудың модульдік технологиясы. Бұл - белгілі бір кәсіпті жан-жақты меңгеруге икемделген оқытудың жана жүйесі. Онда студенттер нақты бір мамандықтың шегінде шығармашылығын жетілдіреді, теориядан гөрі тәжірибеге ден қояды. Оқу қабырғасында жүріп-ақ болашақ мамандығының қыр- сырына қаныққан жастар ертең жұмысқа дайын

маман болып барады. Еуропалық білім беру жүйесінің тәжірибесі көрсеткендей, оқытудың бұл тәсілі студенттердің таңдаған мамандығы бойынша терең білім алып қана қоймай, оқу орны мен жұмыс берушінің қоян - қолтық жұмыс істеуіне дәнекер болатыны дәлелденген.

Модульдік оқытудың дәстүрлі білім беру жүйесінен артықшылығы сол, мұнда еңбек нарығында қандай мамандыққа сұраныс көп екендігі қатаң ескеріледі. Кезекті модульдік оқудан өткеннен кейін бірнеше мамандықты игеруге мүмкіндік бар. Сондай-ақ оқу орнымен тығыз байланыста жұмыс істеген жұмыс беруші маманға өз талабын қоя алады. Студент өз кезегінде теориядан гөрі практикаға көбірек жүгініп, таңдаған мамандығына бейімделе бастайды [1].

Біз колледждегі әріптестерімізбен бірге 2014 жылғы шілде айында «Техникалық және кәсіптік білімді жаңғырту» жобасы аясында Беларусь республикасының Минск қаласына барып және Астана қаласындағы «Тұран-Профи» кәсіптік академиясында модульдік оқу бағдарламаларын дайындау бойынша біліктілік арттыру курстарынан өткен болатынбыз. Бүгін сіздермен «Электрмен қамтамасыздандыру» мамандығы бойынша жасаған модульдік оқу бағдарламасын ұсынып өз тәжірибеммен бөлісемін.

Бұл модульдік оқу бағдарламасы функционалдық талдау негізінде, жалпыға міндетті білім беру стандартына сүйене отырып жасалды. Функционалдық талдау дегеніміз - еңбек нарығына қажетті құзыреттіліктерді анықтау, яғни құзыреттілікке негізделген кәсіптік стандарттар.

Құзыреттілікке негізделген модульдік оқу бағдарламалары бірнеше бөлімдер мен функциялардан тұрады [3].

Мамандық – ЖМББС (білім беру стандарты бойынша)

Функционалдық карта (мақсаты, негізгі функционалдары, функционалдық модульдер).

Бейім құзыреті:

Арнайы модульдер (модуль сипаттамасы, модуль нұсқауы, модуль түйіндемесі).

Сыйлы қатынас модульдері (модуль сипаттамасы, модуль нұсқауы, модуль түйіндемесі).

Бейімдеу модульдері (модуль сипаттамасы, модуль нұсқауы, модуль түйіндемесі).

Оқу процесі тоқтатылған жағдайда оқушы өткен модульдері бойынша сертификат алып, мамандық иесі бола алады. Ал барлық оқу курсы бітірген түлекке диплом және барлық модульдерді игергендігі туралы сертификаттар беріледі.

Функционалды карта дегеніміз - жұмыс жасау саласы және бағыттары. Бұл әдіс алғаш рет Ұлыбританияда жасалып шығарылған, мұнда бір мамандық бойынша барлық салалар қамтылып картада көрсетіледі. Ал жұмыс түрлері мен атаулары бөлек көрсетіледі және мақсаттары айқын көрсетіледі.

Бейімдеу модульдері өз алдына бөлек нәтиже бермейді. Яғни «Техникалық сызбаларды орындау» деген мамандық жоқ, бірақ бұл қызмет түрі барлық жұмыстарды орындау барысында қолданылады[4]. Сондықтан әр модуль сайын қайталамау үшін бейімдеу модулі деп бөлек беріледі.

Сыйлы қатынас модульдері талаптардан тұрады, бірақ өз алдына қызмет болып саналмайды. Бұл модуль жұмыстың ұйымдастырылуын, жұмыс орнындағы адамдардың өзара қарым-қатынасын және әлеуметтік және қоршаған ортаға деген жауапкершілігін қамтиды. Осы талаптардың барлығы барлық функционалдық модульге жататындықтан бұл қатынас талаптарын бөлек модуль етіп қарастырамыз. Алайда әр оқу модуліне қатар қарастырылады.

Арнайы модульдер мамандықтың қиындығына байланысты құрылады. Функционалды картада олар функционалды модульдер деп аталады және онда сол мамандықты игеру барысындағы ресурстар, іс-әрекет, білім, білік және дағдылары көрсетіледі.

ЮНЕСКО глоссарийі бойынша құзыреттілікке негізделген оқу дегеніміз- белгілі бір мамандық немесе кәсіпті игеру үшін қажетті қарым-қатынас, білім, білік және кәсіби дағдыдан тұратын білім.

Бейім құзыреттері мамандықтың талаптары мен жалпы мақсатын сипаттайды. Модуль сипаттамасы модуль құрылымынан тұратын құжат болып табылады. Модуль түйіндемесін келесі жағдайларда қолдануға болады:

- жоспарлау мақсатында әкімшілік құжат ретінде;
- жұмыс берушілер үшін қажетті қорытынды «сертификат»;
- оқушы біліп шығуға қажетті білім мазмұнының түйіндемесі.

Түйіндеме мазмұны: модуль атауы, оқу мақсаты, іс-әрекеттер мен қадамдардың қысқаша сипаттамасынан тұратын құрылым сызбасы, оқу модулінің бекітілген мерзімі. «Электрмен қамтамасыздандыру» мамандығы бойынша осы модульдік оқу бағдарламалары оқу үдерісіне енгізілуде.

2016-2017 оқу жылынан бастап техник – электрик біліктілігі бойынша 2 курс студенттері осы модульдік оқу бағдарламасымен эксперименталды түрде білім алатын болады [2].

Модульдік оқу бағдарламасын Ақтөбе политехникалық колледжінің оқу үдерісіне енгізудің сатылы шаралары:

1. Оқытушылар мен өндірістік оқу шеберлерін модульдік оқу бағдарламаларын дайындаудың әдістері бойынша біліктілік арттыру курстарынан өткізу;
2. «0902000 техник - электрик» мамандығы бойынша модульдік оқу бағдарламасын жұмыс берушілер талаптарын ескере отырып құрастыру;
3. Құрастырылған модульдік оқу бағдарламасын білім басқармасымен, кәсіпкерлер палатасымен және жұмыс беруші өндіріс орындары ЖШС «Жарық», ЖШС «Технолинк LTD» келісіп, бекіту[6].

Оқушылардың білім, білік дағдыларын жүйелі түрде қалыптастыруға негізделген бұл бағдарлама өз кезегінде олардың жұмыс берушілердің талаптарына сай келетін білікті маман болып қалыптасуларына ықпал жасайды.

Қорыта айтқанда, қазіргі кезде кәсіби біліктілігі мен дағдыларды, іскерліктерді тікелей жұмыс орнында меңгеріп, жан-жақты кәсіби дамуына мүмкіндік беретін кадрлар дайындауда оқытудың жаңа модульдік жүйесі арқылы білім беру өте маңызды, әрі білім, ғылым, өндірістің өзара байланысын қамтамасыз ету арқылы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің сапасын арттыратынымыз сөзсіз [7].

Әдебиеттер

1. Педагогические технологии. Под редакцией Кукушина В.С. Учебное пособие для студентов педагогических специальностей. – М.-Ростов н/Д.: Издательский центр «МарТ», 2006. – 336 с.
2. Райер Г., Лопанова Е., Рабочих Т. Технологии профессионального обучения, ориентированные на действие: Учебно-методическое пособие. – 2-е изд. перераб. и доп. – Омск: Омскбланкиздат, 2004. – 128с.
3. Шмачилина С.В. Технологии... Технологии? Технологии! Учебное пособие для студентов педагогических вузов. – Омск, ОмГПУ, - 1999. – 218 с.- Часть 1.
4. Калицкий Э.М., М.В. Ильин, Н.Н. Сикорская.-Москва, 2005.- 138 с.
5. Оформление: Республиканский институт профессионального образования. - Москва, 2005.- Стр.122-140.
6. Калицкий Э.М., Ильин М.В., Сикорская Н.Н.-Москва, 2006.-Стр.120
7. Оформление: Республиканский институт профессионального образования. - Москва, 2006.- Стр.80-90.

**ӨНЕР, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ
ИСКУССТВО, КУЛЬТУРА И СПОРТ
Art, Culture and Sport**

УДК 75.02

**Новые изобразительные техники и технологии
как проявление инноваций в живописи**

Н.А. Алибек

*Казахская национальная академия искусств имени Т. Жургенова
г. Алматы, Казахстан*

Мақалада өнер саласындағы жаңашыл үрдістер мен салт-дәстүрлердің өзара байланысы мен өзара әсері қарастырылады. Нақтырақ айтсақ, бейнелеу өнері саласындағы жаңаша технологиялар мен әдіс-тәсілдердің - интерактивті сандық кескіндемелер мен аралас әдіс-техникалардың қолданысы сөз болады.

In this article the interrelation and interference of traditions and innovative processes in art is considered. In particular the technician and technologies in painting is told about use new graphic: the mixed equipment, an interactive digital picture.

Кілт сөздер: *инновация, бейнеөнердегі инновациялық процестер, дәстүрлер, бейнелеу техникасы мен технологиясы.*

Key words: *an innovation, innovative processes in the fine arts, tradition, graphic technicians and technologies.*

Термин «инновация», ставший уже привычным для современного человека, связывается в нашем сознании с процессами, происходящими в науке и технике, в образовании или в обществе. А применим ли этот термин к искусству и в частности к живописи?

Само понятие innovation, дословный перевод которого с латинского означает «в направлении изменений», впервые появился в научных исследованиях XIX века. Впервые как термин был употреблен в научных работах американского экономиста Йозефа Шумпетера. Здесь толкование определяло инновацию как «... введённый в употребление новый или значительно улучшенный продукт (товар, услуга) или процесс, новый метод продаж или новый организационный метод в деловой практике, организации рабочих мест или во внешних связях» [1]. То есть, инновация – это не всякое новшество или нововведение, а только такое, которое серьёзно повышает эффективность действующей системы [2]. Что вопреки распространённому мнению, отличало инновации от изобретений [3].

Применительно к искусству нам приемлемо следующее определение: «Инновация, нововведение – это внедрённое новшество, обеспечивающее качественный рост эффективности процессов или продукции, востребованное рынком. Является конечным результатом интеллектуальной деятельности человека, его фантазии, творческого процесса, открытий, изобретений и рационализации» [4]. То есть обобщённо это понятие может применяться к методам и процессам создания чего-либо и к самой творческой идее. Как же прослеживается взаимосвязь и взаимовлияние инновационных процессов в искусстве? Здесь нельзя не сказать, что существование искусства неразрывно связано с развитием общества, с культурными традициями. Отсюда необходимость обращения к основополагающему понятию в искусстве, как «традиция». Традиция (от лат. «traditio») - есть сохранение и передача от поколения к поколению культурного наследия, включающего в себя определённые культурные образцы, нормы и ценности, идеи и



Так с появлением масляных красок (произошло это примерно в XV-XVI веках) у художников появилась возможность достичь тонких моделировок и оптических эффектов действием нижележащих красочных слоёв. Новая и очень интересная техника, основанная на нанесении тонких (почти прозрачных) красок друг на друга, получила название лессировка. Благодаря данной технике получаются красивые переливчатые цвета. Это важная составляющая любой живописи: она придает картине сочность, утонченность, настроение. Это яркий пример проявления инновации, что способствует развитию искусства живописи.

Технологии масляной живописи, акварели, темперы, пастели появившись как инновационные, давно уже стали традиционными.



Так, и в дальнейшем творческом поиске многие художники вновь стараются выйти за рамки традиционной классической технологии. Вот что об этом поиске говорит казахстанский художник Амандос Аканаев: «Живопись на холсте имеет свои технические пределы. Она рассчитана на иллюзорные возможности тонкого красочного слоя. Мне не хватало средств для полновесного выражения объемов тех же каменных тюркских изваяний, глубины резных контуров, силы цвета металла...

Когда-то я писал колючку, добиваясь упругости ее стеблей и листьев при помощи всего спектра красок. Но иллюзии всех ракурсов и объемов мне показалось мало, я стал лепить ее красками, начал конструировать каркас. Мне хотелось показать ее жизненную силу, как она, превращаясь осенью в бронзовое изваяние, полна намерения противостоять всем лютым ветрам зимы. А однажды сухой закрученный лист, весь изъеденный до замечательного ажюра, вдруг сверкнул золотом и зазвенел... Тогда я понял – вот что нужно! Мне необходим металл, ажур знаков времени» [8].

Так появились новая техника, новая технология в живописи - «смешанная техника» - комбинирование приемов из различных техник. В смешанной технике используется все: металл, масло, акрил, гуашь, бумага, песок, карандаши, опилки, пастель, ткань и все, что так сказать душе угодно.



И, конечно, говоря об инновационных процессах в изобразительном искусстве нельзя не сказать о существовании в Союзе художников России отделения «новых художественных течений», связанного с появлением стерео и голографических технологий, жидкокристаллических экранов высокого разрешения, интерактивных приставок, новых компьютерных программ и приложений.

Появившиеся в конце XX - начале XXI века разнообразные графические редакторы, позволяющие рисовать и обрабатывать цифровые изображения, спровоцировали рост интереса художников к компьютеру и новейшим цифровым технологиям. Помимо того, что компьютер с необходимым программным обеспечением является основным инструментом художника-дизайнера, появилась такая инновация как «интерактивная цифровая картина». Поверхность картины реагирует на прикосновение человеческих рук, изменяется и позволяет зрителю перемещаться по «созданным художником фантастическим пространствам, пересекаться в бесконечно разных вариантах последовательностей сюжетов...», превращая зрителя, в известной степени, в соавторы произведения». [9]

Так, применим ли термин «инновация» к искусству, и влияют ли технические инновации на содержание и качество живописных работ? Ответ очевиден: конечно, применим и, следовательно, в той или иной мере влияют.

Но мы однозначно считаем, что внедрение инновационных процессов, как в самом искусстве, так и в живописи в частности, должно проходить при бережном, трепетном отношении к культурным традициям, трепетном отношении к академической художественной школе и системе духовных ценностей, сформировавшейся в отечественном искусстве за прошедшие столетия. Не разрушение «старого», а созидание нового на крепком фундаменте национальной художественной школы – таким нам видится смысл инновационных процессов в искусстве в целом и в изобразительном искусстве, в живописи, в частности.

Литература

1. Шумпетер И.А. Теория экономического развития: исследование предпринимательской прибыли, капитала, кредита, процента и цикла конъюнктуры. – М.: Прогресс, – 455 с.
2. Милославский И. Новизна с последствиями. – Москва: МГУ. – 2009 г.
3. Лоуренс Райт. [Инновации в России. Американский опыт и российская специфика.](#) - Интернет-издание «Частный Корреспондент».
4. Климова А.С., Пирогов Е.А. Система менеджмента качества как один из элементов инновационного развития предприятия // Современные наукоемкие технологии. – 2013. – № 8-2. – С. 202-203.
5. Маркарян Э.С. Теория культуры и современная наука. - М.: Мысль, 1983. – 284 с.
6. Деревянко А.П. Традиции и инновации в истории и культуре. Программа фундаментальных исследований Президиума РАН на 2012–2014./ Описание программы/ Обоснование необходимости реализации программы программно-целевым методом./ <http://tradition.iea.ras.ru>
7. Молчанова Л.А. Инновации в художественно-образном содержании живописи алтайских художников рубежа XX-XXI веков // Вестник Томского государственного университета. -2008. -№ 309.- С59-63.
8. Журнал «Мир путешествий»// - 2012 г.
9. Худяков К. В. Новейшие цифровые технологии в изобразительном искусстве. Круглый стол в РАХ «Инновации в искусстве: ракурсы интерпретации». <http://khudyakov.ning.com/profiles/blogs/rah>

Дене тәрбиесі көлеміндегі білім процесін бүгінгі талап деңгейінде қалыптастыру мәселелері

С.М. Мухтаров, Курпишева Г.Ж.

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ақтөбе қ., Қазақстан*

Статья посвящена исследованию проблемы повышения роли физической культуры и спорта в развитии личности студентов. Особое внимание уделяется поиску современных подходов к определению содержания и стратегии реализации учебных дисциплин, рассматриваются вопросы результативности образовательного процесса по физической культуре.

The article is devoted to problems of increasing the role of physical culture and sports in personality development of students. Special attention is paid to the search of modern approaches to the definition of the content and implementation strategies of academic disciplines, addresses the issues of the impact of educational process on physical culture.

Ключевые слова: здоровый образ жизни, воспитание здорового образа жизни, стратегия реализации учебных дисциплин.

Key words: healthy lifestyle, education of healthy lifestyle, implementation strategy academic disciplines.

Жалпы білім беретін оқу орындарында оқитын студент - жастардың денсаулығын сақтау, дене тәрбиесі мен спортты жетілдіру міндеті бүгінгі күні анық қойылып отыр. Жаны рухани бай, ары таза, ой еңбегіне - бой еңбегі сай, сегіз қырлы -бір сырлы, азаматтарды тәрбиелеуді талап етуде. Мұндай жан-жақты үйлесімді жетілген, жасампаз жастарды тәрбиелеу, әрине, жоғары оқу орындарын «Дене тәрбиесі» мамандығы бойынша бітірген кәсіби мамандар үлесіне тиетіні белгілі. Сондықтан бүгінде бұл салада кәсіби мамандар дайындауға жаңа сұраныс пайда болды. Дене тәрбиесі көлеміндегі қимыл-қозғалыс пен жаттығулар жастарды батылдыққа бастап, денені сымбатты сомдап, ептілікке баулитын, сонымен қатар тазалыққа, демалып көңілін көтеруге, бой жазуға, ой еңбек барысындағы шаршағанын басуға, жұмсалған күш-қайратты толықтыра білуге құралады.

Жас ұрпақты дене күштері мен рухани күштеріне сай жетіліп, шынығып өсетіндей етіп тәрбиелеу ісін қамтамасыз ету - дене тәрбиесі саласының аса маңызды міндеттерінің бірі деп саналады. Жан-жақты үйлесімді дамыған азамат тәрбиелеудің негізі мектеп қабырғасында, әртүрлі оқу орындарында дене тәрбие ісін жақсартудан, маңызын халықтық тәрбиемен ұштастырудан қаланады. Халықтық тәрбие, ол ұлт болып қалыптасуымен бірге туып, бірге дамып келе жатқан тарихи көне процеске жатады. Ондай тәрбие жүйесі халықтық педагогикамен тығыз жүргізілуі тиіс. Халықтық педагогиканы «...ұлттар мен ұлыстардың әлденеше ғасырға созылған ұрпақ тәрбиесіндегі ұлттық салт-дәстүрлері мен мәдени ойлау процесінің озық үлгілерінің жиынтығы деп» түсінеміз. Бүкіл дүниенің табиғи тұтастығы бүгінгі күні апат-алқымға жетіп тұр. Ол табиғи тұтастықтың бұзылуы адам бойындағы тұтастықты қалыптастыруға қатысты деп санаймыз. Адамзаттың өз бойында ішкі және сыртқы күш-қасиеті толықтырылып, қанағаттандырылып отырса, керісінше сыртқы күшті, ішкі қасиеттер қуаттайтындай үйлесімдік болса жеке тұлғаның нағыз толық тұтастығы сонда қалыптасатын болады. Ішкі күшке: ақыл-ой, жүрек, қайрат, қуат, тазалық тағы басқалар жатады.

Дене тәрбиесі функциясын кеңірек қарағанымыздағы дене тәрбиесі мен спорт қозғалысының түрлерін таңдағанымызда, сол мамандарды тек белгілі бір бағытта ғана, белгілі бір модельдің сапасы сияқты қолданғанымызбен түсіндіруге болады. Білімді интеграциялаудың үлгісі ретінде, басқа да оқу сабақтарынан алынған нәтижеге сәйкестікті айтамыз. Егер ұстаздардың осындай мүмкіншіліктері болмаса, әлде осылай істегілері келмесе, студенттердің белгілі бір жағдайда, ұйымдастыру - әдістемелік технологиясының нақты сабағы бойынша білімінің интегралдалмайтыны анық. Сондықтан дербес пәндерден алған білімдерді бір жүйеге келтіре шоғырландырып, басын біріктіру мүмкіндігі тумайды.

Дәстүр бойынша, консервативтік қозғалыс жоғары оқу орындарындағы мамандарды дайындаудың ұйымдастырушылық пен әдістеме тәсілдерінің сипатына байланысты болады. Бүгінгі таңдағы білім деңгейіне қатысты "Білімнің бүкіл өміріңе" деген ұғымды "Білімнің бүкіл өмірің" деп түсіну болса керек.

Біздің мақсатымыз жас ұрпақты дене тәрбиесі жүйесіне жетілдіру арқылы болашақ өркениетті қоғамның ерікті, өз басы бостандығын қорғай алатын, бүкіл адамзат құндылығын бағалайтын, адамгершілік, ізгілік мінезі қалыптасқан, іскерлігі жоғары, дені сау, ой еңбегі мен дене еңбегіне бірдей қабілетті, күші ақылына, ақылы күшіне сай жастарды тәрбиелеу. Озық, өнегелі, рухани дәстүрді де жалғастыру арқылы ұрпақтар сабақтастығының тарихи процесі жүріп отыруы тиіс. Мұндай процессіз қоғамымыздың өркениетті елдер деңгейіне жетуі мүмкін емес. Осындай жан-жақты үйлесімді дамыған жастарды тәрбиелеу ісі тек біздің бүгінгі қозғап отырған мәселе емес. Дене тәрбиесі деңгейінде дамыған білім студент жастарға қажетті, әсіресе оның болашақ мамандығына байланысты, барлық ақпаратты жинақтап, бір жүйеге келтіріп, ең алдымен адам өз бойындағы бар абзал қасиетті тани білуге, соларға ие болуға және соны дамытуы керектігін анықтап берді. Денені жетілдіру - денсаулыққа барып тіреледі. Егер дені сау болса, оны сақта және нығайтуға жағдай жаса. Денсаулығың жоқ болса, оны іздеп табуға көмектесу керектігін түсініп, соған ұмтыл. Осыған орай оқу орындарында осы дене тәрбиесі саласына арнайы кәсіби мамандар дайындаудың маңызы зор. Сол оқу орнында алған білімді әрі қарай жалғастырып, өзінің шебер маман екендігін жұмыс орнында дәлелдей білу мүмкіндігі бар. Кәсіби маман тұрғысындағы оқу-ағарту жұмысы процесі жоғары оқу орындарын бітірумен шектелмейді, оны кейінгі өмірінде жалғастырып, алған білімін жетілдіріп, жақсартуды талап етеді. Оған ерекше мән беріледі. Сонымен қоса, тағы мынадай ой-пікірлер айтылған. Жас маманның әріптес немесе қызметтес адамдармен, ғалымдармен бейресми қарым-қатынас болуы, шығармашылық жұмыстарға күштарлығы жетекші роль атқарады. Алған білімді дамыту мақсатындағы өз білім деңгейін жақсартып, көтере білу, кәсіби дайындық мамандық шеберлігін айқындайды. Кәсіби білімнің негізгі қағидасы оның жетекшілік - басты мамандандыру ерекшелігін білу бағытындағы күрделі де маңызды қасиеті болып саналады. Бұл АҚШ білім жүйесіне тән белгілі жағдай, ол үнемі өзінің прагматикалық ерекшелігімен сипатталуда. Кәсіби білім алу деңгейі жоғары оқу орындарында дәріс алып жүрген жастық шақтағы оқумен шектелмейтіні анық. Бұл бүкіл тіршілік өміріндегі шексіз бір процесің мәңгі жалғасы тәріздес жұмыс болғандықтан оның құрылымы мен кәсіби қызметі технологиясының өзгерістеріне қажетті сол маманның әрқашан жоғары сатыда көрінуіне арналған құбылыс. Бұдан шығатын пікір-ой: оқу процесінде студенттің шығармашылық көзқарасын анықтап, тәрбиелеудің маңызы өте зор. Дене тәрбиесінің бүгінгі кезеңдегі концепцияларында негізгі сапа принциптерінің бірі болып "іс-әрекет принципі" ұсынылып отырғаны белгілі [1]. Дене құрылысының шынығып, жетілуі бағытындағы жеке тұлғаның белсенділік қасиетін дәріптеу. Өзінің болашақтағы кәсіби жұмысы бабында жоғары оқу орнын бітіргелі отырғандар педагогикалық міндеттердің шешімін табуда бір сарынды, үйреншікті жағдайға қарамай дене тәрбиесінің шығармашылық сипаты мен көпқырлы мүмкіндіктерін пайдалану. Олардың жеке бас ерекшеліктерін ескере отырып педагогикалық процесі өткізуге толық жағдай жасау. Оқушылардың жұмыстарын өз

талабы - тілегіне сай ұйымдастыруына бағытталған арнайы шешімсіз, олардың педагогикалық процеске қатысу еркіндігі де болмайтыны түсінікті. Арнайы кәсіби білім алдында тұрған міндеттерді шешудің бұдан басқа жолы жоқ..

Дене тәрбиесі сабағына деген қызығушылық сезімдерін қалыптасу проблемаларына ой жіберуіміздің себебі - олардың бірімен-бірі тығыз байланыста болмағанын дәлелдеу. Міне, соның нәтижесінде қоғамымыздың ақылына қарағанда күші басым азаматтар, ақылы мен ойлаған ойын өмірде қолдана алмайтындарды, осы кезге дейін жігерсіз, толық адам тұлғасында, ой-өрісі деңгейінде көрінбеген жастарды тәрбиелеумен болдық. "Дене тәрбиесі" мамандығы бойынша педагогика саласының кадрларын дайындау барысында, бүгінгі күні әртүрлі қайшылықтар мен кемістіктердің барлығы белгілі. Қоғамымыз оқу мекемелерінің қажетті мамандар дайындау ісіне көңілдері толмайтынын атауда. Оқу орындарын бітірген көптеген мамандар өз дәрежесінен төмен, әлеуметті сұраныс деңгейіне қайшы келіп отыр.

Мамандарды дайындаудағы технократтық көзқарас, кәсіби білім алу процесінде танымдық ой белсенділігі, дербес қабілеті, қалауымен білім алу сияқты түсініктерді жоққа шығарды. Ал, білім - адамзаттың тарихи қоғамдық іс-тәжірибенің негізінде жинақталған қоршаған орта, өмір, қоғам, ғылым мен техника, рухани мәдениет, адамгершілік туралы түсініктердің жиынтығы. Педагогика аясындағы білім жүйелі екі бағытта жүргізіледі. Бірінші бағыт - дидактикалық негізде құрылған түсініктер жүйесі. Оған нақтылы бір оқу пәні бойынша ғылыми тұрғыдан пайымдалған ғылым негізі жатады. Екінші, бағыт - өмірлік маңызы бар мәселелерді оқу барысында қабілеті орташа оқушылардың санасына сіңіру. Дене тәрбиесінің маңызы мен мәнін түсіну және ол туралы білімді тереңдету табыс кепілі[2]. Дене тәрбиесінің кәсіби проблемаларының біріне жалпы білім жүйесінде орын алып, ұзақ жылдар бойы жалғасып отырған өзара функционалды қарым-қатынастың, қайсыбір жекеленген кезеңдегі немқұрайлық әлсіздігі болса керек. Жоғары білім алу процесі кезеңіндегі арнайы кәсіби білім алу мақсаты жолындағы эмоционалды сезімнің жан толғанысының көрінісі сияқты жағдай. Арнайы дайындық процесін қайталап жүргізу тәріздес жұмыс секілді. Студент жастардың танымдылық белсенділігіне жағдай жасау бағытындағы белгілі бір жағымды методикалық шешімдері мен оқу әдістері тиімді қолданылмайды. Арнайы мамандарды дайындау процесінде студенттердің білім деңгейін шектеп, олардың іскерлік, ептілік шеберліктеріне де шектеу қоюға жол берілмейді. Бұл басқаша айтқанда, маңызды болғанына қарамастан керексіз, қажетсіз шаруашылық сияқты жағдай. Әдетте оның алдында, сол жастардың өмірге деген көзқарастарын қалыптастыра отырып, өздерінің жетіліп өсуі бағытындағы мүмкіндіктеріне тұтас ойларын нақтылы жағдайда жақсартып көтере білмесе. Бүгінгі білім процессіндегі ең басты ой — дамып жетілу идеясы. Білімнің негізгі құнды мақсаттары деп мынаны айтуға болады. жеке тұлғаның өркендеп жетілуіне қажетті жағдай жасау;

білім жүйесінің өздігінен даму жолы мен жетілу механизмін қосу;

білімнің қоғамымыздың дамып жетілуіндегі пәрменді факторы;

Осы мақсатымызға жетіп оны өмірге асыру бағытындағы білім процесіне қатысушылардың әрқайсысының субъективті сипаттағы сол мүдделерін іске асыруды қамтамасыз ету деп білеміз. Міне осы талаптарға сай оқу орындарының ұстаздар ұжымының бүгінгі қызметі аса маңызды болып табылады. Ол қызмет дені сау, рухани құндылықтардың иесін дайындауға және әлеуметтік міндеттерді шешуге бағытталған. Орта оқу орындарындағы дене тәрбиесі пәні - ол дүниетанудың қалыптасу негізі. Сенімділікті қалыптастыруда ұстаздың еңбегі ерекше, сипаты өте зор. Орта оқу орындарында оқытушы - педагогтардың беретін ғылыми білімдері жастар бойындағы дүниетанымның қалыптасу негізі. Педагогтың оқытып, үйрену және білім беру міндеттерін жүзеге асыру жолымен еңбекке араласып жұмыс істеу, отансүйгіштік, адамгершілік, өнегелі бағыттағы тәрбие міндеттерін шеше отырып, салауатты өмір салты жағдайында жан-жақты дамыған жеке тұлғаның қалыптасуына игі ықпалын тигізуі әрине, сөзсіз. Орта оқу орындарындағы оқу процесінде жеке тұлғаның педагогикалық-кәсіби

бағытындағы құндылығы анықталынып өсу жолында белгілі болатыны анық. Сөйтіп оның кәсіби қызмет сапасы өзінің өмір жолында жалғасын табады. Бұл оның өз өмірі бағытындағы сұранысының керекті ізденіс-талпынысымен шектелмейтін басты бұлағы мен оның қозғаушы күші - сол маман адамның шығармашылық мамандық қасиетімен жалғасып жатады:

дене тәрбиесі көлемінде әдістеме, сонымен бірге тәрбие тұрғысында өздерінің қызметіне әрқашанда дайын болулары керек;

дене жаттығуларына орай адам дене құрылысында (организмінде) болып жатқан әртүрлі көріністер мен оқиғалар төңірегіндегі қалыптасқан біртұтас түсініктерінің үнемі болуы;

өз мамандығының мән-мағынасы мен әлеуметтік маңызын түсінулері;

дене тәрбиесі қызметінің әлеуметтік, сонымен қоса оның жеке маңыздылығын түсіндіре білу мүмкіндіктері;

салауатты өмір салтына, жеке бас тазалығына, өз дене құрылысының жағдайын қадағалауға деген қажеттілік пен түсінік сияқты ойдың оқушылар арасында үйлесімді қалыптасуына бағытталған тәсілдері мен әдістерін қолдана білулері;

кәсіпқой қызметін жемісті атқара білуге арналған негізгі қағида мен әдістеме түрін меңгеріп алып кетуі .

Пайдаланған дерек көздеріне талдау жасау арқылы және оларға сүйене отырып, сонымен қатар белгілі мамандар тәжірибесі мен студуден-жастардың өз пікірлеріне қатысты мынадай қорытынды жасауымызға болады:

дене тәрбиесі мамандарының кәсіби сипаты әлеуметтік тапсырыс пен әлеуметтік жағдайға орай қалыптасады;

бүгінгі күні жаттықтырушы кадрларға деген қажеттілік деңгейі және дене тәрбиесінің сауықтыру бағытындағы мамандарға сұраныс, талап көлемі ұлғайып өсуде;

кәсіби мамандар дайындаудың бүгінгі беталысы білімнің күрделенуі мен сипатталынып, ол ең бірінші кезекте - жоғары оқу орнын бітіруші жастардың жалпылай білім деңгейін көтеруге бағытталған шара. Осы тұрғыдан алып қарағанда олардың арнайы білім деңгейін жақсартып отырып, спорт саласындағы педагогтардың кәсіби біліктілік сұранысына, талабына сай болуы, олардың сол білімді үйрене жетіліп, одан әрі қарай дамыта білулері, спорт педагогикасының бүкіл саласында алған білім деңгейіне қарай білгірлік, іскерлік қабілеттерін анықтау жолы;

қазіргі жағдайда білімдар және ұйымдастырушылық қасиеті жоғары дәрежелі мамандардың рөлі бірден көтеріле асып, оларға деген сұраныс, әсіресе олардың кәсіби дайындығының сапасына орай өсіп, көбеюде. Әртүрлі көзқарас, ойларды есепке ала отырып мына пікірімізді айтуымыз орынды - іскер адамдардың өмір жолы ашылады. Әрине, бұл түсінікті. Сенің алған біліміңнің саны емес, өзіңнің білгірлік қасиетіңнің сол өмірге жетелеген күші мен қайратты еңбегіңнің жемісі, нақтылы жағдайға байланысты; "Соңғы" білімі тәріздес түсінік бүгінгі өскелең өмір талабына үйлесімді сұраныс емес, қажеттілік болмайтыны айдан анық. Орта оқу орнындағы "кішірек кезең" көлеміндегі дайындығының деңгейі, бұл сол білімнің белгілі сатысындағы, өз білімін үнемі дамытып көтеру сәтіндегі негізгі оқулық құралы тәріздес жағдай. Бүгінгі күнгі білім "бүкіл өміріне" арналған білім болмас, ол сол өміріңнің бүкіл жалғасы болар;

бүгінгі таңда жоғары білімді мамандардың алған білім базасының негізгі сапасы ретіндегі түсінікті айқындайды. Орта оқу орны жастарға әдіснамалық білім беріп идиологиялық тұрғыда тәрбиелеп, өз бетінше кәсіби қозғалыстың қажеттілігін түсіндіріп, ұғынуына арналған . Ұғынып тани білу "асабын" қолына ала отырып нақтылы шындықты түбегейлі өзгертудің жолдарын аша білу мүмкіндігі. Ғылымның күрделі зерттеу негізін пайдаланумен бірге оның сол түп нұсқаларын басқаша ойлау жүйесі арқасында өзінің ой тізбегінен өткізіп, әлеуметтік маңызы зор мәселелердің бетін ашып жаңа технологиялық шешімдерді жасау және сонымен бірге материалдық рухани мәдениетіне қажетті дүниелерді тауып өз жағдайын көтеру. М.Булгаков "Мен ойлаймын ешқандай оқу

орнында ешқашанда білімді адам болып жетіліп өсу мүмкіндігі болмайды. Дегенмен оқу тәрбие жұмыстарымен жақсы жолға қойылған оқу мекемелерінде тәртіпті адам болып өсуіне болады. Алайда, сол дағдыларың мен әдет-ғұрыптарыңды, болашақ өміріне қажетті табу жолын сол адамның, сол оқу мекемесінен тыс басқа кездері үйреніп алу мүмкіншілігі болатынын айтамын" деп жазды [3], бүгінгі күн талабы оның халық ағарту саласы мен жоғары оқу орындары жүйесіндегі арнайы кәсіби мамандар дайындауындағы қарама-қайшылық және жекелеп айтқанымызда, дене тәрбиесі көлеміндегі психоаналитик жазушының ішкі бір көңіл-күйі болуы мүмкін.

Әдебиеттер

1. Латышева Н.Е. Формирование профессионально-педагогических умений по проведению спортивной ориентации детей и подростков у студентов институтов физической культуры в системе непрерывной педагогической практики: Автореферат дисс.канд.-Санкт-Петербург, 1995.-29с.
2. Құлназаров А., Тайжанов С. Дене тәрбиесі. Оқыту әдістемесі. Жалпы білім беретін мектептің 6-сынып мұғалімдеріне арналған. - Алматы: Атамұра.-2002 ж.- 59-60 бб.
3. Булгаков М. Де Мольер мырзаның өмір жолы. - Минск: Мастац. - 1985 ж.

УДК 375.037

Контроль и оценка успеваемости по физической культуре в общеобразовательных школах

М.К. Умаров, З.А. Жангереев, Н.А. Умирзаков

*Актюбинский региональный государственный университет имени К.Жубанова
г. Актюбе, Казахстан*

Педагогикалық бақылаудың көп жағы бар. Бұл - тестілеу, оқушының іс-әрекетін бақылау, бағдарламадағы тақырыпты меңгеруіне байланысты бағалау. Мұнда біз тек бағалауды немесе оқушы үлгерімін қозғамаймыз.

Teaching control has many sides. This teaching, and monitoring of student's work, and mark of mastery or program material. Here we shall deal only estimates and accounting students progress.

Кілт сөздер: *дене тәрбиесі, қозғалыс әрекеттері.*

Key words: *physical culture, physical action.*

Критериями оценки по физической культуре являются качественные и количественные показатели.

Качественные показатели успеваемости – это степень овладения программным материалом: знаниями, двигательными умениями и навыками, способами физкультурно-оздоровительной деятельности.

Количественные показатели успеваемости – это сдвиги в физической подготовленности, складывающиеся обычно из показателей развития основных физических способностей: силовых, скоростных, координационных; выносливости, гибкости и их сочетаний (силовой выносливости, скоростно-силовых качеств и т.п.). Эти показатели определяются результатами развития физических качеств. Количественные показатели, с одной стороны, как бы объективизируют и упрощают оценку успеваемости по физической культуре, а с другой стороны, если учитель ограничивается только ими, ведут к односторонности оценки. Вместе с тем количественные критерии необходимы особенно тогда, когда они выступают как одно из слагаемых общей всесторонней оценки успеваемости по физической культуре в сочетании с глубоким качественным анализом результатов деятельности, причин тех или иных достижений и недостатков конкретного учащегося.

Учитель должен представлять, что точные количественные критерии важны прежде всего в качестве объективного контроля за ходом физического развития, подготовленности и в какой-то мере за состоянием здоровья, а не только как отметка и свидетельство успеваемости.

Отметка по физической культуре будет играть стимулирующую и воспитывающую роль только в том случае, если учитель будет оценивать показатели физической подготовленности, достигнутые учеником не в данный момент, а за определенное время. Иначе говоря, ориентироваться надо не на наличный уровень развития физических качеств, а на темп (динамику) изменения их за определенный период. В отличие от других общеобразовательных предметов особенностями оценки успеваемости по физической культуре являются:

